



ТҰРАҚТЫ ДАМУ – ТҰРАҚТЫ ӨСУ

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ 2016 ЖЫЛҒЫ
ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

>200 еншілес және тәуелді ұйым

2 еншілес ұйым (БӨ, ҚТО) IPO-да қатысуда

ҚазМұнайГаз компаниялар тобы

ТОП КӨРСЕТКІШТЕРІ

ЖҰМЫСКЕРЛЕР



ӨЛІМ ЖАҒДАЙЫНЫҢ САНЫ

Мақсат – 0 өлім ағдайы

2016 7 адам
2015 4 адам

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

77,8 млн. м³ су жинау

6,5 млн. тонна CO₂ шығарындылары

203,3 мың тонна CO₂ шығарындылардың алды алынды

108 млн. ГДж Энергия тұтыну Қазақстанда ОЭР = 3 %

ПАЙДА

305,8 млрд.теңге \$894,9 млн.

САТЫП АЛУ

1 871 млрд.теңге \$5 475,3 млн.

76% жергілікті қамту үлесі

ҚОРЛАР

785,8 млн.тонна А, В, және C₁ мұнай және газ конденсаты


480,1 млрд. м³ табиғи газ




ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ
МҰНАЙ-ГАЗ
КОМПАНИЯСЫ

ЭНЕРГИЯ
РЕСУРСТАРЫН
НЕГІЗГІ ӨНДІРУШІ

МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ




ӨНДЕУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ



МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ




СЕРВИС



- 102-1
- 102-2
- 102-3
- 102-4
- 102-6
- 102-7
- 102-8
- 102-9
- OG-1
- 404-1
- 405-1

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ТУРАЛЫ 2016 ЖЫЛҒЫ ЕСЕП





БІЗДІҢ ЕСЕБІМІЗ ТУРАЛЫ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы компаниялары тобының тұрақты даму жөніндегі есебінде (бұдан әрі – ҚМГ, Топ) Топ қызметінің 2016 жылғы қаржылық емес аспектілері туралы ашылған ақпараты ұсынады және біздің ашық және анық ақпаратты беруге ұмтылысымызды көрсетеді.

Сіздің назарыңызға ұсынылған Есеп GRI есептілігі стандартының кеңейтілген нұсқасына сәйкес, мұнай-газ секторына арналған GRI-4 басшылығы қолданылып дайындалды.

Біздің Тұрақты даму туралы есебіміз Біріккен Ұлттар Ұйымының Ғаламдық шартының шеңберіндегі прогресс туралы хабарламамыз болып табылады деп есептейміз. Біз Ғаламдық шарттың Белсенді қатысушысы есептілігінің

деңгейіне қойылатын талаптарға жауап береді деп ойлаймыз.

ҚМГ, ұлттық мұнай-газ компаниясы және Қазақстандағы энергия ресурстарын және негізгі өндіруші болып табылады және шамамен 90 мың жұмыс орнын береді. Біз өзіміздің экономикалық әсеріміздің маңыздылығын түсініп, қорытындылар мен жетістіктеріміз туралы ақпаратты жан-жақты ашуға ұмтыламыз. Есепте берілген ақпарат теңдестірілген, алдымызда тұрған міндеттер мен халықаралық және өңірлік мәнмәтіндегі проблемаларды көрсетеді, сондай-ақ одан әрі даму үшін қызметтің басым бағыттары бөледі.

Есептің құрылымы ҚМГ-нің тұрақты дамуы бойынша жұмыстың стратегиялық бағыттарына сәйкес келеді: біздің қызметкерлеріміз бен жұмыс орындарымыз, қауіпсіздік мә-

дениетіне баса назар аудару, экологиялық және экономикалық әсер. Сондай-ақ қызметіміздің өңірлерінде іске асырылатын бастамашылықтар мен біздің әріптестерімізбен іске асырылып жатқан бірлескен жобалар бойынша үлгілер көрсетілген.

Топтың тұрақты дамуы жөніндегі есепті Директорлар кеңесі бекітеді және корпоративтік сайтта жариялау мен басып шығарылған нұсқаны тарату арқылы мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі. Осы Есеп сыртқы куәландыруға жатпайды, бірақ GRI-дан 102-40 бастап 102-49 дейінгі маңызды көрсеткіштердің дұрыс орналасуын растаған GRI-дағы материалдық процесін тексеруден өтті.



- 102-1
- 102-5
- 102-54
- 102-32
- 102-56

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ БАСҚАРМАСЫ ТӨРАҒАСЫ ҮНДЕУІ



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқармасының төрағасы
Сауат МЫҢБАЕВ

ҚҰРМЕТТІ СЕРІКТЕСТЕР МЕН АКЦИОНЕРЛЕР!

Мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары Тобының 2016 жылы Тұрақты дамуы туралы есепті назарларыңызға ұсынуға қуаныштымын. Біздің компанияда тұрақты даму ұзақ мерзімді құнның өсуімен қатар стратегиялық мақсаттардың бірі болып табылады.

«ҚазМұнайГаз» – бұл елдің көмірсутегілерді барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау жөніндегі ұлттық операторы және ең ірі жұмыс берушілерінің бірі болып табылатын тікелей интеграцияланған мұнай-газ компаниясы болып табылады.

Саладағы басқа да көптеген компанияларға сияқты, өткен жыл біз үшін күрделі болғанына қарамастан, біз 2016 жылы қойылған барлық мақсаттарға қол жеткізіп, дағдарыс жағдайында күшейіп, тиімдірек жұмыс істей алдық. 2016 жылы көмірсутегі шикізатын өндіру көлемі 23 млн. тонна болды.

Сондай-ақ 2016 жыл еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау мәдениетін бекіту жылы болды. Топ басшылығының қауіпсіздік мәселелерін ұстануы теңдессіз. Соңғы 2 жылда Топтың барлық қызметкерлерінің ортақ күшімен жазатайым жағдайлар мен оқиғалар бойынша, жүйелік себептерді анықтау және тиісті шараларды қабылдау бойынша есептілікті беруде ең үздік қорытындылар алынды.

Компанияның бүкіл тарихында алғаш рет Топтың бас директорлары еңбекті қорғау және оның қауіпсіздігі саласында жеке міндеттемелерге жеке қол қойды.

Сонымен қатар, компания үшін маңызды өндіріс тиімділігін арттыру және дайын өнімнің сапасын жақсарту бойынша ауқымды жұмыстар жалғасуда. Осылайша, мәселен, 2016 жылы мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту бағдарламасының шеңберінде Атырау МӨЗ-де мұнай-химия үшін базалық өнім – бензол мен параксиллол өндіру қондырғылары пайдалануға енгізілді. Шілдеде бензолдың бірінші өнеркәсіптік партиясы экспортқа жіберілді.

Павлодар МХЗ жаңғырту, бірінші кезекте, зауытта шығарылатын отынның экологиялық көрсеткіштерін – еуропалық сапа стандарттарына сәйкес келетін мұнай өнімдерін өндіру арқылы жақсартуға бағытталған. 2016 жылы басталған жұмыс істеп жатқан дизельдік отынды гидротазарту қондырғысын қайта жаңарту жақын уақытта зауытқа К-5 экологиялық сыныбындағы дизельдік отынды алуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» әлеуметтік-еңбек қатынастары саласында да орасан үлкен жұмыстарды орындады. Әлеуметтік әріптестікті дамыту және еңбек даулары мен жанжалдарды реттеу кеңесі жұмыс істеп жатыр, «Барлау және өндіру» бизнес-бағыты бойынша еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі енгізілді, «Әлеуметтік ахуал мониторингі» жобасы іске қосылды.

Біз тұрақты даму саласындағы есептілігімізді жетілдіруге ұмтыламыз, есебімізді бүкіл әлемдегі мүдделі тараптарымыз бен серіктестеріміздің санына кіретін оқырман-

дар үшін неғұрлым ашық, қол жетімді және толық жасауға тырысамыз. Осылайша, 2016 жылы жарияланған алдыңғы кезеңге арналған есебіміз басқа 137 қазақстандық компания арасында RAEX (Эксперт РА Казахстан) агенттігінің «Тұрақты даму туралы ең үздік есеп» номинациясында 3-орын алды. Осы есеп ең жаңа деген GRI стандарттарына сәйкес дайындалды.

Болашақта, 2017 жылы біз Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, алдымызға неғұрлым өршіл мақсаттар қоя отырып, стратегиялық басымдықтарымызға сәйкес дамытуды жалғастыратын боламыз.

Құрметпен,

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқармасының төрағасы
Сауат МЫҢБАЕВ

● 102-14

● 103-2

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ ҰЗАҚБАЙ СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ ҚАРАБАЛИНМЕН СҰХБАТ



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Директорлар кеңесінің мүшесі
Ұзақбай ҚАРАБАЛИН

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚМГ ҮШІН НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

Біз үшін тұрақты даму – компанияның саясатын қалыптастыру және ұзақ мерзімді мақсаттарды қою кезіндегі негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Соңғы бірнеше жылдардағы дағдарыс жағдайдың өзінде біз бизнестегі тұрақтылық қағидаттарын ұстануды жалғастырып келеміз. Себебі, қазіргі заманда қоршаған ортаны қорғауда біртұтастылық, адам өмірінің құндылығын түсіну және экономикалық пайда алуға деген ұмтылыс компанияның әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін сақтау үшін бұрын-соңды болмағандай маңызды.

ҚМГ-де барлық деңгейде енгізілген тұрақты дамудың негізгі қағидаттар – бұл ашықтылық, анықтылық, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сыйлау, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа деген төзімсіздік, мүдделер қақтығын болдырмау, әлеуметтік тұрақтылық пен экологиялық тепе-теңдікті сақтау.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚМГ-НІҢ КОРПОРАТИВТІК СТРАТЕГИЯСЫНА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТТІ?

2016 жылы «Самұрық-Қазына» қорының басшылығымен ұлттық деңгейде тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін қалыптастыру басталды, және біз – «Самұрық-Қазына» АҚ қоржындық компанияларының арасында Түрлендіру бағдарламасына бірінші болып кірдік. Өндірістік активтерді басқаруды оңайлатуды көздейтін корпоративтік басқарудың жаңа моделін енгізуді бастау – 2016 жылы біз үшін

үлкен жетістік болды. Бұл модель субхолдингтердің Ұлттық Компанияларына қосылуды көздейді, бұл әкімшілік рәсімдер мен басқарушылық деңгейлердің санын қысқартуға, шешімдердің қабылдануын тездетуге, ресурстарды бейінді қызметте шоғырландыруға және Топтың басқарылуын арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ 2016 жылы тұрақты даму мәселелері Басқарманың, Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Стратегия және инвестициялар комитетінің құзыретіне кірді, яғни олар ең жоғары деңгейде қаралады. Біз үшін тұрақты дамудың барлық процестерге кірігуі – бұл ҚМГ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жолындағы ең маңызды қадам болып табылатыны анық. Сондықтан да, тәуекелдерді азайту және өнімділік деңгейін арттыру үшін біз болашақта тұрақтылықты операцияларымызға кіріктіруге баса назар аударамыз. Қазірдің өзінде біздің салған күш-жігеріміздің нәтижелерін көруге болады. Мысалы, 2016 жылы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Қазақстанда мұнай өндіру көлемі бойынша көшбасшылардың үштігіне кірді, ал ҚМГ-нің мұнай өңдеу зауыттары 2018 жылға қарай қазақстандық нарықты жеке өндірістің мұнай өнімдерімен 100%-кн қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

2016 ЖЫЛЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДА ҚАНДАЙ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖЕТТІҢІЗ?

2016 жылы біз БҰҰ-ның Ғаламдық шарттағы мүшелігімізді қалпына келтірдік, және осымен ерікті корпоративтік міндеттемелеріміз бен Қоршаған орта, адам құқықтары,

сыбайлас жемқорлықпен күрес және еңбек қатынастары саласындағы шарттың 10 қағидатын ұстанатынымызды мәлімдедік.

Жыл ішінде біз 2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын тұрақты түрде факелдік өртеуді тоқтату бойынша Дүниежүзілік банктің ғаламдық басташасы шеңберінде белсенді жұмыс жүргіздік. Айтпақшы, осыны өндірістік операцияларды жүргізуге деген тұрақты көзқарастың үлгісі ретінде атап өтуге болады. Себебі, осындай көзқарасқа байланысты ілеспе мұнай газы ластаушы, сондай-ақ бағалы шикізат бола алады; ҚМГ газ өңдеу зауыттары бірден бірнеше міндетті шешіп жатыр: қоршаған ортаға теріс әсерді азайту, газды жеке технологиялық қажеттіліктерге пайдалану және сонымен бірге жергілікті халықты газды қамтамасыз ету.

2016 жылы «ҚазТрансГаз» жеке қаражаты есебінен отандық газға Қытайға экспортқа жол ашқан «Ақыртөбе» компрессорлық сығу станциясын салды, Орта Азияда аналогтары жоқ «300 Ақтөбе» автоматтандырылған газ тарату станциясының құрылысын аяқтады және Қазақстан - Қытай магистральдық газ құбырының заманауи компрессорлық станцияларын пайдалануға енгізді. Қазақстанның әр түрлі өңірлерінде қалаларды газдандыруды арттыру және қалалық көлікті отынның неғұрлым экологиялық түрлеріне аудару бойынша белсенді жұмыс жүргізілді.

Алайда, біздің адамдарымыз ең жоғары басымдыққа ие екенін атап өткен жөн. Кез

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ ҰЗАҚБАЙ СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ ҚАРАБАЛИНМЕН СҰХБАТ



келген өндірістік операцияларды жүргізу кезінде ҚМГ-нің негізгі қағидаты – «Нөлге» үздіксіз ұмтылу»: өлімге әкеп соққан 0 жағдай, нөл өндірістік жарақат, нөл мұнайдың төгілуі» болып табылады. Өкінішке орай, біз осы жұмысымыздың нәтижелерге көңіліміздің толмай отырғанын мойындауға мәжбүрміз. 2016 жылы біздің 7 қызметкеріміз қаза тапты. Корпоративтік орталық пен еншілес ұйымдардың еңбекті және қоршаған ортаны қорғау қызметтері жұмысының арқасында енгізіліп жатқан профилактика бойынша біздің тұрақты түрде салып жатқан күш-жігерімізге қарамастан, осы кісі өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғалар әлі де болып жатыр. Әрбір адамның өмірі біз үшін құнды болып табылады және біз әріптестерімізге негізгі мақсат: адамдарымызды жұмыс күнінің аяғында үйлеріне аман-есен баруына күн сайын үнемі ұмтылуды жалғастыратынымызды растағымыз келеді. Қызметкерлерімізді объектілерде қауіпсіз жұмыстарды жүргізу қағидаларына үйрету және оларды сақтау дағдыларын нығайту бойынша; қауіпсіздік мәдениетін дамыту және тарату бойынша, оның ішінде жеке үлгіде басшылардың қауіпсіз іс-қимылды көрсетуі арқылы дамыту және тарату бойынша орасан үлкен жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұдан басқа, Директорлар кеңесінің әрбір мүшесіне, сондай-ақ барлық еншілес компаниялардың әрбір басшысына еңбек қауіпсіздігі мен компания қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығы үшін жеке жауапкершілігі бекітілген. Адамның өмірі мен қауіпсіз жұмыс – тұрақты даму саласындағы ең маңызды міндеттерінің бірі болды және әрқашанда сондай болып қала береді.

ҚМГ ТУРАЛЫ

ҚАУІПСІЗДІК

Компания әлемдік стандарттарға сәйкес еңбек пен қоршаған ортаның қауіпсіздігін, өз қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге ұмтылады.



ЖАУАПКЕРШІЛІК

Компания акционерлер, әріптестер, қызметкерлер және, тұтастай алғанда, қоғам алдында барлық міндеттемелерін орындау кезіндегі жауапкершілігін терең сезінеді.



КОРПОРАТИВТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БАСШЫЛЫҚҚА

Күнделікті жұмыста біз мынадай корпоративтік құндылықтарды басшылыққа аламыз:



Кристофер Джон Уолтон
Тәуелсіз директор



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ

Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы
Акционерінің өкілі



Балжит Каур Грюал
Акционерінің өкілі, стратегия және активтер қоржынын басқару жөніндегі басқарушы директор – Қор Басқармасының мүшесі



Бейсенғалиев Берік Тұрсынбекұлы
Акционерінің өкілі



КӘСІПҚОЙЛЫҚ

Компания қажетті еңбек жағдайын қамтамасыз етіп, кәсіби және жеке тұлғаны даму үшін мүмкіндік беріп, өз қызметкерлердің кәсіпқойлығын арттыруға ұмтылады.



Компания қаржылық және өндірістік көрсеткіштерін үнемі жақсартуға, өзінің басқарушылық практикалары мен технологиялық шешімдерін жетілдіруге ұмтылады.

ТИІМДІЛІК

- 102-16
- 102-22
- 102-23
- 405-1

ҚМГ ТУРАЛЫ

Біздің мақсатымыз – мұнай мен конденсат өндіру бөлігінде әлемнің ең ірі мұнай-газ компанияларының Top-30-на кіру.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

2002 жылы құрылған Топтың құрамына 213 еншілес ұйым кіреді. Қазақстан Республикасының (ҚР) Үкіметі ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасында ҚМГ құрылтайшысы болып табылады. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры (90%) (бұдан әрі – Қор) мен ҚР Ұлттық Банкі (10%) ҚМГ акционерлері болып табылады.

Топтың корпоративтік басқару құрылымы үнемі жетілдіріледі. Директорлар кеңесі (бұдан әрі – ДК) ҚМГ қызметінің басым бағыттарын белгілейді, даму стратегиясын бекітеді және тиісті комитеттердің ұсынымдарына негізделе отырып, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды. ДК ҚМГ атқарушы органы болып табылатын Басқармаға тапсырмалар береді. Экономикалық әлеуметтік мәселелерді шешу үшін жауапты ҚМГ басшы қызметкерлері Басқарма мүшелері болып табылады. ДК еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштер туралы ақпаратты ай сайын тыңдайды.

ДК мүшелерінің әр түрлі құрылымдардағы, корпоративтік басқарудың дамыған жүйесі бар компанияларда және тұрақты дамудың негізі қағидаттарын іске асыруда білімі мен айтарлықтай тәжірибесі ҚМГ Директорлар

кеңесінде тұрақты даму саласындағы қажетті құзыреттердің болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Акционерлердің жалпы жиналысы кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктері, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін, гендерлік құрамды, тәуелсіздікті ескере отырып, анық және ашық рәсімдердің негізінде ҚМГ ДК мүшелерін сайлайды (ДК-нің 8 мүшесінің 4-үі тәуелсіз директор болып табылады).

Төрағалары тек қана тәуелсіз директорлар болып табылатын ДК комитеттері неғұрлым күрделі және маңызды экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша ДК үшін ұсынымдарды әзірлейді. ҚМГ ДК Комитеттерінің қызметі туралы ақпарат жыл сайын корпоративтік сайтта орналастырылады.

Мүдделер қақтығысын болдырмау үшін Компания бірнеше Директорлар кеңесіндегі тоғыспалы мүшелігі туралы, өзінің үлестес тұлғалары туралы, жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер туралы көпшілікке арналған кеңістікте ашады. ҚМГ корпоративтік басқару жүйесінің диагностикасын тәуелсіз компаниялар мен Ішкі аудит қызметі тұрақты негізді жүргізеді.

Осылайша, ҚМГ ДК мен оның комитеттерінде ҚМГ мүдделерінде және барлық акционерлерге әділ қатынас пен тұрақты даму қағидаттары ескеріліп, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдердің қабылдануын қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білім балансының сақталуы қамтамасыз етіледі.

МИССИЯСЫ, КӨЗҚАРАСЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Отандық мұнай және газ өнеркәсібін дамытуға үлес қосу есебінен ҚР мен біздің серіктестеріміз үшін барынша пайда алуды қамтамасыз ету біздің миссиямыз болып табылады. Тұрақты даму қағидаттарына негізделе отырып, біз Топтың нарықтық құнын арттыруға, инвестициялардың қайтарымын ұлғайтуға және жоғары сападағы өніммен және қызметтермен қамтамасыз етуге ұмтыламыз.

Біз біздің өндірістік нысандарымызда корпоративтік басқару қағидаттары мен қауіпсіздіктің ең жоғары деген стандарттарын сақтап, қаржы тұрақтылығы жоғары тиімді мұнай-газ компаниясы болуға ұмтыламыз.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУҒА КӨЗҚАРАС

Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненті болып табылады және стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге теріс әсер ете алатын ықтимал тәуекел оқиғаларын уақытылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторингі мен азайтуға бағытталған. ДК стратегиялық, орта мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарды бекітеді, сондай-ақ тәуекел-аппетитті және ҚМГ тәуекелдеріне төзімділік деңгейлерін бекітеді. ДК экономика, экология мен әлеуметтік әсер саласындағы тәуекелдерді қамтитын Топтың тәуекелдері бойынша есептерді тоқсан сайын қарайды. ҚМГ-де: Басқарманың жанындағы Тәуекелдер комитеті, ДК жанындағы Аудит комитеті мен жеке тәуекелдерді

басқару жөніндегі құрылымдық бөлімше (департамент) жұмыс істеп жатыр.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі ішкі және сыртқы аудиторлардың тәуелсіз бағалауының нәтижелерімен расталады. 2016 жылы тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін жиынтық бағалау 75% болды.

2016 жылы ДК мыналарды бекітті: корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясат. Тәуекелдер картасы мен тіркелімі. Сондай-ақ Топта жекелеген тәуекелдерді басқару саясаттары мен рәсімдері қолданылады.

- 102-5
- 102-7
- 102-19
- 102-20
- 102-26
- 102-33
- 102-24
- 102-22
- 405-1
- 102-18
- 102-21
- 102-25
- 102-28
- 102-27
- 102-15
- 102-29
- 102-30
- 102-31

ҚМГ ТУРАЛЫ

Тағайындау және сыйақы комитеті

Тағайындау және сыйақы комитеті ДК мен Басқарманың сабақтастығын жоспарлау, қызметкерлер қызметінің үнемі және объективті бағалануын қамтамасыз ету, тиімді кадр саясатын қамтамасыз ету, сондай-ақ лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерді әлеуметтік қолдау, кәсіби дамыту және оқыту мәселелерін қамтиды.

Қаржы комитеті

Қаржы комитеті ҚМГ-нің тиімді қаржылық саясатын жүргізу мәселелері бойынша ДК ұсынымдарды әзірлейді, қаржылық тұрақтылықты бағалауды, сондай-ақ ҚМГ қаржы стратегиясының мониторингін жүргізеді.

Аудит комитеті

Аудит комитеті ішкі және сыртқы аудиттің мәселелерін, қаржы есептілігінің және тәуекелдерді басқару мәселелерін қарайды.

КОМИТЕТТЕР


Стратегия және инновациялар комитеті

Стратегия және инновациялар комитеті даму стратегиясы және инвестициялық саясат, инвестициялық тартымдылық, корпоративтік басқаруды жетілдіру, қаржы-шаруашылық қызметті лайықты түрде жоспарлау мәселелерін қамтиды.

2016 жылы Комитеттің функционалы стратегиялық жоспарлауға және ҚМГ әлеуметтік-экономикалық дамуына тұрақты даму қағидаттарын енгізу мәселелерімен, сондай-ақ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен айтарлықтай кеңейтілді. Комитеттің өкілеттіктері мыналармен толықтырылды: тұрақты даму саласындағы саясатты, ҚМГ тұрақты дамуы жөніндегі есеп пен тұрақты даму саласындағы басқа да құжаттарды бекіту. Бұдан басқа, Комитет халықаралық тәжірибе мен ықтимал тәуекелдерді бағалауды ескере отырып, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілерді ҚМГ қызметіне интеграциялау мәселелерін қарайды.

Сондай-ақ Комитет еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ҚМГ Басқармасының негізгі бағыттарын белгілейді және осы салалардағы басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған бастамашылықтарды қарайды.



- 102-15
- 102-18
- 102-20
- 403-1
- 102-29
- 102-34



ТҰРАҚТЫ
ДАМУҒА БІЗДІҢ
КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАҒИДАТТАРЫМЫЗ:



Қазақстанның ең ірі компанияларының бірі ретінде, біз экономикаға, қоршаған ортаға қоғамға әсер ететінімізді мойындаймыз. Біз тұрақты даму қағидаттарын басшылыққа аламыз және акционерлермен өзара іс-қимыл жасағанда, салмақты және ұтымды көзқарасты ұстанамыз.

Тұрақты даму қағидаттары ҚМГ-нің Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексінде және Тұрақты даму саласындағы тұжырымдамада бекітілген. Қордың корпоративтік басқару кодексі бекітілгеннен кейін, оның басшылығымен тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін қалыптастыру басталды. ДК, ДК стратегия және инновациялар комитетінің және Басқарманың тұрақты даму мәселелерін қарау бөлігіндегі құзыреттері кеңейтілді. Сондай-ақ Топтың жоғары басшылығы деңгейінде тұрақты даму интеграциясының процесін басқару жөніндегі жұмыс тобы құрылды.

Тұрақты даму мәселелері бойынша мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасалып жатыр, тұрақты кездесулер, сондай-ақ тұрақты даму мәдениетін жандандыру үшін тоқсан сайынғы негізде тұрақты даму бойынша оқу курстары жүргізіліп жатыр. Бұдан басқа, Қордың қоржынды компанияларына арналған Тұрақты даму бойынша референстік үлгі әзірленуде.

Тұрақты даму саласындағы іс-шаралардың жыл сайынғы жоспарын әзірлеу кезінде біз халықаралық декларациялар мен стандарттарды (Көпұлттық корпорацияларға арналған ОЭСР қағидаттары, БҰҰ-ның Бизнес және Адам құқықтары саласындағы басшылық қағидаттары, ISO 26000 Әлеуметтік жауапкершілік басшылығы, БҰҰ-ның Қоршаған орта және даму жөніндегі декларациясы), сондай-ақ тұрақты даму мәселелері бойынша халықаралық конференцияларда қабылданған келісімдер мен конвенцияларды назарға аламыз.

ІСКЕРЛІК ЭТИКА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ:



- 102-16
- 102-43
- 102-15

ІСКЕРЛІК ЭТИКА КОДЕКСІ

Қызметкерлердің лауазымдарына қарамастан, олардың барлығына арналған мінез-құлықтың жалпы нормаларын белгілейді және Топтағы негізгі құндылықтар мен жұмыстың этикалық қағидаттарын белгілейді. Бұдан басқа, Кодексте әріптестермен, мемлекеттік органдармен, акционерлермен, филиалдармен, іскерлік серіктестермен, қауымдастықтармен және БАҚ-пен өзара іс-әрекет жасау кезіндегі мінез-құлық нормалары белгіленген. ҚМГ ДҚ Кодекстің жаңа редакциясын 2016 жылы бекітті.

Топ саясатының соңғы өзгерістері мен перспективаларын ескере отырып, Кодекске іскерлік этиканың жаңа қағидаттары қосылды. Барлық қызметкерлердің Кодексте жазылған этикалық нормалар мен қағидаттарды сақтауы қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында көрсетілетін болады. Осы этикалық нормалар мен қағидаттар жаңа HR-әдіснамалар мен саясаттардың бір бөлігі болады.

Кодекспен танысу барлық қызметкерлер үшін міндетті болып табылады. ҚМГ ДҚ 2 жыл сайын аталған Кодекстің ережелерін қарайды, оның қолданылу дәрежесін зерттейді және, қажет болғанда, тиісті өзгерістер енгізеді.

Мүдделі тараптарға Іскерлік этика кодексімен біздің ресми сайтта қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде танысуға болады.

ШАҒЫМ БЕРУ ЖӘНЕ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

Қызметкерлердің мүдделерін әділ білдіру және біздің корпоративтік құндылықтарымыз бен қағидаттарымызды лайықты түрде түсіну және қолдану үшін ДҚ жыл сайын Іскерлік этика кодексінің сақталуы, қызметкерлерге консульта-

циялар беру, Топтың ішкі ережелерінің бұзылу ықтималдығының алдын алу және үшін жауапты омбудсменді таңдайды. Озық халықаралық практикаға, оның ішінде Халықаралық омбудсмендер қауымдастығының (ХОҚ) стандарттары мен қағидаттарына сәйкес ҚМГ омбудсмені ҚМГ ДҚ-ге есеп береді және жоғары деңгейдегі тәуелсіз менеджерді білдіреді.

Омбудсменнің қызметі жанжалдық жағдайларды реттеу жұмысы (ISO 10003) мен шағымдармен жұмыс (ISO10002) бойынша халықаралық стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Біз Топтың ұйымдарындағы даулар мен жанжалдардың кез келген түрлерінің профилактикасына және алдын алуға ұмтыламыз. Кез келген адамның шағымдануға құқығы бұзылмауы тиіс. Біз әр түрлі тетіктерді әзірледік, қызметкерлер, іскерлік серіктестер мен мүдделі тараптар оларды қолдана отырып, корпоративтік этиканың, адам құқықтарының, еңбек қатынастары практикасының кез келген сақталмауы, теріс экологиялық не әлеуметтік әсер туралы хабарлай алады:

– Қызметкерлер – өзінің тікелей басшысына немесе жоғары тұрған тұлғаға хабарлау арқылы; не омбудсменге ақпарат беру арқылы;

– Қызметкерлер мен басқа да тұлғалар – 786 565 телефонымен не сенімнің электрондық адресі арқылы: doverie@kmg.kz (ақпарат аты-жөні көрсетілмей берілуі мүмкін).

Бұдан басқа, Бірыңғай ішкі байланыс жүйесінің шеңберінде мынадай тетіктер бар:

- Басшылардың еңбек ұжымдарымен және кәсіподақтарымен кездесу;

- Бірінші басшының қызметкерлерді жеке мәселелер бойынша қабылдауы;
- Бірінші басшының блогы;
- Ұсыныстарды жинауға арналған жәшік.


Неғұрлым егжей-тегжейлі ақпарат ҚМГ-нің 2016 жылға арналған жылдық есебінде көрсетілген.

Іскерлік кодекске сәйкессіздік бойынша шағымдар құпиялылық талаптарында омбудсменнің міндетті қатысуымен қаралады.

Кез келген шағым келіп түскен туралы Топтың басшылығына хабарланады. Барлық келіп түскен шағымдар мен ұсыныстар тіркеледі, басшылықтың шағымды қарау қорытындылары бойынша шешімі өтініш иесіне жеткізіледі.

2016 жылы еңбек процесі мен өндірістік ортаны еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау талаптарына сәйкес келмегендіктен, еңбек қатынастарын орындауға байланысты денсаулыққа келтірілген зиян үшін өтемақы мөлшерімен келіспегендіктен, қызметкерлер сот органдарына жүгінген 3 жағдай (2015 жылы – шағымдардың саны дәл осындай) тіркелді.

Еңбек қатынастарының тәжірибесіндегі өтініштер (шағымдар) саны



- 102-16
- 102-17
- 102-26
- 103-2
- 103-3

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ӘРЕКЕТ ЖАСАУ

Біз 2014 жылы ДК бекіткен ҚМГ экономикалық қауіпсіздік саясатын сақтаймыз. Осы құжатта сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа, сондай-ақ басқа да заңсыз іс-әрекеттерге қатысты ҚМГ қағидаттары қамтылған. Осы Саясаттың негізгі қағидаты – «Жоғары басшылықтың миссиясы» (Tone at the Top). Саясат Топтың барлық қызметкерлерінің, сондай-ақ барлық мүдделі тараптарының толық қол жеткізуі үшін ҚМГ корпоративтік сайтында қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде орналастырылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарға қатысты ақпараттық өзгерістер қызметкерлермен жасалған шарттарға және жаңа қызметкерлерді жалдауға, жұмысқа орналастыруға және бейімдеуге байланысты ішкі құжаттарға, сондай-ақ Топтың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы үлгі құжаттары-

на және тараптардың құқықтық қатынастарын белгілейтін өзге де құжаттарына енгізілді.

Кез келген қызметкердің, мердігерлік ұйымның немесе қызметі ҚМГ-мен байланысты басқа да тұлғалардың іс-әрекеттерінің заңдылығына қандай да бір болмасын күмәндар болған жағдайда ҚМГ-нің әрбір қызметкері немесе кез келген үшінші тұлғасы ҚМГ басшылығына немесе оның уәкілетті өкілдеріне хабарлауға құқылы. Осы ақпарат сенімнің электрондық адресіне немесе телефон желісіне берілуі мүмкін. Сенімнің электрондық адресі мен желісі корпоративтік сайтта орналастырылған. Осы секілді ақпаратты біздің еншілес және тәуекелді ұйымдарымыздың сайттарында алуға болады.

Біз барлық еншілес компаниялардағы сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалаймыз. Соңғы 3 жылда Топтың 110-нан астам

ұйымында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жағдайына талдау және бақылау тексерістері жүргізілді.

Сондай-ақ, біз өз қызметкерлерімізді, мемлекет және саяси партиялардың және де ең ірі мұнай-газ компаниялардың өкілдерін тартып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жасау бойынша бірқатар тренингтер мен семинарларды өткіздік. Мәселен, 2016 жылдың маусымында заңсыз қол сұғушылықтан мұнай-газ кешенін кешенді қорғауды қамтамасыз етудің өзекті мәселелері бойынша кеңейтілген кеңес өткізілді.

2016 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жасау, адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау, Корпоративтік этика кодексінің талаптарын сақтау саласындағы жұмысты ұйымдастырудың саясаттары мен нақты рәсімдерін оқуға корпоративтік қауіпсіздік бөлімшелерінің



21,5 мың

іскерлік әріптестер біздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымыз туралы хабардар.

Топ басшылығының арасынан қызметкерлердің



100%-ы

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жасау туралы саясаттармен танысты.



700


қызметкер мен бос орындарға кандидаттардың сыбайлас жемқорлыққа және өзге де құқықтық бұзушылықтарға қатыстылығын тексеруден өтті.



> 100-ден

астам ішкі құжаттар сараптамадан өтті.


Топтағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттардың бар екені туралы хабардар мүдделі тараптар:



- 205-2
- 102-17
- 205-1
- 102-15
- 103-2
- 103-3
- 410-1

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ӘРЕКЕТ ЖАСАУ

Адам құқықтарын сақтау мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жасау саласындағы оқудан өткен ДКБ қызметкерлерінің үлесі, %



қызметкерлерінің 100%-ті тартылды. Осындай жұмыс Топтың серіктестері мен контрагенттеріне, сондай-ақ іскерлік компаньондарға, инвесторларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы тиісті саясаттардың бар екені туралы хабарлау бөлігінде ұйымдастырылды.

Бұдан әрі қызметкерлерге арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бойынша оқу мен тренингтер жалғасатын болады.

2016 жыл ішінде ақпараттың сенімді жүйесі бойынша заңнаманың және ҚМГ тобының ішкі құжаттарының әр түрлі бұзылғаны туралы 65-тен астам арыздар мен хабарламалар келіп түсті. Барлық келіп түскен арыздар мен өтініштер бойынша тиісті тексерістер ұйымда-

стырылып, жүргізілді және жүгінген тұлғалардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді және оларды шешу тәртібі туралы түсіндірмелер берілді.

2016 жылы соттарда Топтың қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша қылмыстық істер қаралмады.

Құндылық және моральдық бағыттардың жүйесін құру, қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген белгілеріне төзімсіздік жағдайын қалыптастыру мақсатында 2017 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды, сондай-ақ бірқатар өзге де ішкі нормалар мен қағидаларды енгізу жоспарланып отыр.



- 205-2
- 205-3
- 103-3
- 410-1

БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТІМІЗ БЕН АКТИВТЕРІМІЗ

ҚМГ даулы немесе тыйым салынған тауарларды сатумен айналыспайды.

Топ әлемнің ең ірі мұнай компанияларының санына кіреді, стратегиялық маңызды мәні бар мұнай-газ секторында мемлекеттің мүдделерін білдіреді және Қазақстанның барлық дерлік маңызды мұнай-газ кен орындарындағы қатысу үлестеріне иелік етеді.

Біз көмірсутегілерді барлау мен өндіруден, оларды тасымалдау мен өңдеуден бастап, мамандандырылған сервистік қызметтерді көрсетуге дейін толық өндірістік циклді жүзеге асыратын тікелей интеграцияланған мұнай-газ компаниясы болып табыламыз.

Топқа кіретін ұйымдар бағыттар: «Мұнай мен газды барлау және өндіру», «Мұнай мен газ тасымалдау», «Мұнай өңдеу және маркетингі», «Сервистік жобалар» бойынша бөлінеді.

БІЗДІҢ СТРАТЕГИЯ

Біздің стратегия компанияның қаржылық позициясын нығайтуға және Қазақстанның мұнай-газ саласының негізгі ойыншысы ретіндегі ролін күшейтуге, сондай-ақ оңтайлы бизнес-модельді қалыптастыруға бағытталған.

Стратегия ҚР-дегі әлеуетті ресурстардың елеулі көлемімен және біздің айналымыздағы үлкен өзгерістерге бейімдеу қажеттілігімен негізделеді.

Қазақстандағы және шектес мемлекеттердің нарықтарындағы мұнай өнімдерін тұтыну өсуінің тарихи жоғары қарқыны мұнай мен газға деген сұраныстың ондаған жылдарға бұрын өсуін ынталандырады. Сонымен бірге әлемде төмен көмірсутекті энергетикалық жүйеге ауысу жүргізіліп жатыр, энергия көздері бағаларының жоғары құбылмалылығы байқалады.

МҮШЕЛІК ЖӘНЕ ҚАТЫСУ

Қазақстанның мұнай-газ нарығындағы негізгі ойыншы ретінде біз қауымдастықтардың белсенді мүшесі болып табыламыз, форумдарға, ұлттық және халықаралық конференцияларға қатысамыз.

«Атамекен» ҚР кәсіпкерлерінің ұлттық Палатасы



«Атамекен» ҚР кәсіпкерлерінің ұлттық палатасының мүшесі ретінде ҚМГ заңнамалық өзгерістерге байланысты қызметке белсенді түрде қатысады. Палата жергілікті және халықаралық компанияларға неғұрлым тиімді жағдай жасау, олардың мүдделері мен құқықтарын қорғау үшін, сондай-ақ инвестиция салуға қолайлы жағдай жасау үшін құрылды.

KAZENERGY:



«KAZENERGY» мұнай-газ және энергетикалық кешені ұйымдарының қазақстандық қауымдастығы 2006 жылы

мұнай-газ саласының кәсіпорындарын қолдау және мемлекеттік органдар мен мұнай-газ саласы арасындағы қатынастарды реттеу үшін құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қауымдастық құрылған күнінен бастап ҚМГ Қауымдастықтың бағдарламалары мен бастамашылықтарын әзірлеуде және іске асыруда маңызды рөл ойнайды.

ҚМГ басшылығы Қауымдастықтың бірнеше комитеттері мен жұмыс топтарының жұмысына қатысады.



- 102-15
- 102-43
- 102-7
- 102-13
- 102-6
- 103-2

БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТІМІЗ БЕН АКТИВТЕРІМІЗ

«KAZENERGY» Үйлестірушілік кеңесінде экология, әлеуметтік жауапкершілік пен ашықтылық мәселелері бойынша төрағалық ету ҚМГ үшін Қазақстанның мұнай-газ саласындағы тұрақты даму мәселелерін көтеруге мүмкіндік болып табылады.

Халықаралық мұнай тасымалдау қауымдастығы (IAOT)



Халықаралық мұнай тасымалдау жүйелерін жақсарту үшін ҚТО 2015 жылдан бастап IAOT

мүшесі болып табылады. Қауымдастық тарифтерді қалыптастыруға, құбырлар диагностикасына және оларды пайдалануға, мұнай тасымалдауға және сақтауға байланысты мәселелерді қарайды.

Oil Spill Response Limited (OSRL)



«KMG Systems and Services» мұнайдың апаттық төгілуін жоюды қамтамасыз етуге арналған ең ірі халықаралық қауымдастықтың мүшесі болып табылады. OSRL-дегі мүшелік әлемнің кез келген жеріндегі мұнайдың апаттық төгілуін жою кезінде және төгілудің кез келген деңгейі үшін озық халықаралық тәжірибенің тартылуына кепілдік береді. Сондай-ақ Каспий теңізінің Қазақстандық секторындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және де теңіз жұмы-

старын жүргізу кезінде қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

БҰҰ-ның Ғаламдық шарты



БҰҰ-ның Ғаламдық шартындағы мүшелік тұрақты даму қағидаттарын ұстанатынымызды білдіреді.

Дүниежүзілік банктің «2030 жылға қарай IMG факелдік өртеуді толығымен тоқтату» атты бастамашылығы



2015 жылы ҚМГ осы бастамашылықты қолдады.

Ол 2030 жылдан кешіктірмей, IMG-ні тұрақты түрде факелдік өртеу практикасын тоқтату үшін ынтымақтасуға дайын үкіметтерді, мұнай компаниялары мен даму ұйымдарын біріктіреді.

ISO стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым



ISO 9001, ISO 14001 и OHSAS 18001 талаптарына сәйкес 2006 жылдан бастап сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы басқару жүйелері жұмыс қалпында сақталуда. Елеулі деңгейде энергияны тұтына-тын еншілес ұйымдар ISO 50001 бойынша сер-

тификатталды. Басқа ISO стандарттары туралы ақпарат осы есептің 4, 4.2, 4.3 және 6-бөлімдерінде көрсетілген.

Өндіруші салалардың ашық болуына бастамашылық ету (ӨСАБ)



Өнеркәсіптің мұнай, газ және тау-кен өндіру салаларынан түсетін кірістің ашық болуын қамтамасыз етуге жәрдемдесетін әлемдік стандартты білдіреді. Біз Бастамашылықтың Өзара түсіністік туралы меморандумының талаптарын сақтаймыз және салықтар мен елдің бюджетіне төленетін басқа да төлемдері бойынша есептілікті береміз.

Ғаламдық метандық бастамашылықтың (FMB) жобалық желісі



Метанмен күрес бойынша, сондай-ақ метанды қалпына келтіру және пайдалану бойынша жобаларға мүдделі жеке сектор субъектілерінің, қаржы мекемелері мен басқа үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың өсіп жатқан қауымын білдіреді.

- 102-12
- 102-13
- 103-2



Қазақстан
бойынша

325
АЖҚС

8 қосарлы
АЖҚС¹-АГЖҚС²
12 АГЖҚС
1 АГТКС³




Қазақстандағы
80
мұнай базасы

21 872 км

Қазақстандағы басқарылатын
мұнай-газ құбырларының
жалпы ұзындығы

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

- Барлау және өндіру
- Қайта өңдеу және маркетинг
- Жұмыс істеп тұрған мұнай құбырлары
- Жұмыс істеп тұрған газ құбырлары
- Су тартқыштар
- Автокөлікке жанармай құя станциясы



¹ АЖҚС - автокөлікке жанармай құю станциясы
² АГЖС - автокөлікке газ-жанармай құю станциясы
³ АГТКС - автокөлікке газ толтыру компрессор станциясы

2016 – ТҮРЛЕНДІРУ ЖЫЛЫ

ІШІНЕН КӨЗҚАРАС



ЛЮКСЕМБУРГ Глеб Валерьевич,
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ трансфор-
мация жөніндегі вице-президенті

Біз көптеген субхолдингтерді басқаратын қоржындық инвестордың ролінен өндірістік активтерді белсенді операциялық басқару көшеміз.

Тиімділікті арттыруға бағытталған трансформация бастамашылықтары 2016–2017 жж. Кезеңінде өндіруші және мұнай-сервистік ұйымдарындағы шамамен 30 «тез жеңістер» жобасын қамтиды.

Түрлендіру шеңберінде сатып алуды оңтайландыру, Жалпы қызмет көрсету орталығын, деректерді басқару офисін құру және басқалары секілді маңызды жобалар іске асырылуда.

Өнім берушіні таңдау рәсіміне деген көзқарасты өзгертетін, Топқа жақын уақыттағы 5 жыл ішінде 200 млрд. теңге мөлшеріндегі үнемді қамтамасыз ететін Сатып алу қызметін басқару жөніндегі салалық регламентін әзірлеу жоспарланып отыр. Сондай-ақ ең үздік әлемдік практикалардың негізінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді қамтамасыз етуде жаңа тәсілді енгізу жоспарланып отыр.

Функциялардың бір бөлігін (АТ-қызметтерді, бухгалтерия мен қазынашылықты) Жалпы қызмет көрсету орталығына көшіру жоспарлануда, бұл операциялық компанияларға өндіріске шоғырланып, шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді. Осы тәсіл бірыңғай стандарттар мен әдіснаманы қолдануға, осы қызметтерді көрсету сапасы мен жылдамдығын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2015–2016 жылдардағы ең маңызды оқиға Мемлекет басшысы бастамашылық еткен Түрлендіру бағдарламасын іске асыру процесінің басталуы болып табылады. Түрлендіру бағдарламасы компанияның құнын ұлғайтуға, бизнес-процестерді өзгерту арқылы бизнестің тиімділігін арттыруға, адам ресурстарын және компания активтерінің қоржынын басқару сапасын арттыруға бағытталған.

2016 жылғы маусымнан бастап, өндірістік активтердің басқарылуын жеңілдетуді көздейтін корпоративтік құраудың жаңа үлгісіне көшу басталды. Үлгі субхолдингтерді қосу, ұйымдық құрылымды жеңілдету, бейінді емес және қосалқы активтерден шығу есебінен басқару деңгейлерінің санын қысқартуды көздейді.

Басқару деңгейлерінің саны, қазіргі алы деңгеймен салыстырғанда, екіге дейін қысқартылатын болады.

Бірінші – Ұлттық компания білдіретін басқарушылық деңгей. Мұнда стратегиялық басқару функциясы орталықтандырылады.

Екінші деңгей – бұл еншілес ұйымдар. Олардың міндеті – корпоративтік орталық белгілеген мақсаттарға сай ағымдағы өндірістік қызметті тиімді жүзеге асыру болады.

Жаңа үлгі әкімшілік рәсімдер мен басқарушылық деңгейлердің санын қысқартуға, шешімдердің қабылдануын тездетуге, ресурстарды бейінді қызметте шоғырландыруға және Топтың басқарылуын арттыруға мүмкіндік береді. Құнды құру тізбегінің: көмірсутегілерді барлау мен өндіруден бастап мұнай өнімдері мен газды сатуға дейінгі барлық элементтерін стратегиялық басқару қызметтерін толық орталықтандыру қамтамасыз етіледі.

БІЗДІҢ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРЫМЫЗ

Бізде – қызметіміз оларға әсер ететін және, өз кезегінде, біздің табысымызға әсер ете алатын мүдделі тараптардың ауқымды тобы бар. Мүдделі тарап жеке тұлға немесе ірі ұйым болатынына қарамастан, біз олардың хабардар болуына ұмтыламыз. 2016 жылы біз негізгі мүдделі тұлғалардың жаңа картасын бекіттік, алайда 2015 жылғы есепте көрсетілген картамен салыстырғанда, елеулі өзгерістерді болған жоқ.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес біздің мүдделі тараптармен сенімді қатынастар құру ашық есептілік беру арқылы жүзеге асырылады. Мүдделі тараптарымыздың әр түрлі сипатын ескере отырып, бізде олардың әрқайсысымен үнемі өзара іс-әрекет жасаудың бірқатар тетіктері бар. Біздің өзара іс-әрекеттеріміз туралы неғұрлым егжей-тегжейлі ақпарат қосымшада көрсетілген.

Жоғары басшылықтың қауіпсіздік саласындағы қағидаттары



ПРАКТИКАДАН ҮЛГІ

Бас директорлардың ЕҚОҚ саласындағы жыл сайынғы форумы

2016 жылы Топтың топ-менеджментінің еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау мәселелерін ұстануын арттыру бойынша орасан жұмыс жасалды.

Осылайша, 2016 жылғы 27 маусымда «Қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру» тақырыбына бас директорларының екінші жыл сайынғы форум өтті.

Форумға 70-тен астам басшы қатысты. Осы іс-шараны өткізу бірқатар проблемалық мәселелерді талқылап, оларды шешудің ықтимал жолдарын талқылауға, қауіпсіз еңбек жағдайының дұрыс бірыңғай стратегиясын пысықтауға, қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру және басшылардың осы мәселедегі ролінің маңыздылығын талқылауға мүмкіндік берді, сондай-ақ осы саладағы ең үздік әлемдік лидерлердің үлгісінде тәжірибе алмасу мүмкіндігін берді.

Еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау мәселелерін ұстану көрсеткіші ретінде, сондай-ақ қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау саласында жүргізілетін жұмыстар туралы хабардар болуын арттыру мақсатында Топ басшылығы бір жыл ішінде осы саладағы бірқатар іс-шараларды орындау міндеттемесін қабылдады. Осы міндеттемелер еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау саласындағы Топ компаниялары басшыларының жеке жоспарларына қосылды және қызметкерлердің танысуы үшін офистерде орналастырылды.



ҚМГ Басқарма Төрағасы
Сауат Мынбаевтың жеке
міндеттемесінің үлгісі

- 102-16
- 102-42
- 102-43

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуге біздің тәсіл*



- 102-40
- 102-42
- 102-43
- 102-44
- 103-2
- 102-21
- 413-1
- 102-29
- 102-15

* Мүдделі тараптармен (МТ) өзара әрекеттесуге біздің тәсіл (МТ) кері байланысты талдауға негізделген. МС-пен кері байланыс таблицасын 84 беттен қараңыз.

ЕСЕПТЕ КӨРСЕТІЛГЕН «МАТЕРИАЛДЫҚ ТАҚЫРЫПТАР»

Есептің мазмұнын белгілеу процесі тұрақты даму саласындағы басшылыққа (GRI-4) және жаңа GRI стандарттарына негізделген, біздің мүдделі тараптарымыздың үміттерін, тұрақты даму мәнмәтінін және тақырыптардың мүдделі тараптар мен Топ үшін маңыздылығын ескереді.

Осы есептің бөлімдері БҰҰ-ның Ғаламдық шар-тының 10 қағидаты бойынша Топтың қызметін қамтиды.

ЕСЕПТІҢ МАЗМҰНЫН БЕЛГІЛЕУ ҮРДІСІ

Бірінші қадам тұрақты даму мәнмәтінінің тұрғы-сынан есепке қосылуы мүмкін тақырыптарды анықтауды қамтиды. Ол өткен есепті кезеңде маңызды деп танылған тақырыптардың қайта қаралуына және біздің алдыңғы есебімізге кері байланысты талдауға негізделген. Біз ішкі және сыртқы құжаттар: аудиторлық есептерге, Кор-поративтік басқару кодексіне және негізгі ак-ционеріміздің корпоративтік басқарудың орта мерзімді бағдарламасына, корпоративтік саясат-тар мен рәсімдерге, GRI – G4 және GRI стандарт-тарына.

Сонымен бірге, барлық қазақстандық мұнай-газ өнеркәсібін қызықтыратын тақырыптарды ай-қындау үшін біз мұнай-газ саласының ең ірі ком-

паниялары жариялайтын тақырыптарды және 2016 жылы KAZENERGY алаңында талқыланған тақырыптарды ескердік.

Екінші қадамда біз Маңыздылық қағидаты мен Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау қағидатын қолдандық және сұрақ қою (сауал-нама) нәтижелеріне негізделе отырып, тақырып-тардың басымдылығын айқындадық:

- экономикалық, экологиялық және әлеумет-тік әсердің деңгейі бойынша;
- біздің негізгі мүдделі тараптарымыздың бағалауы мен шешімдеріне әсер ету деңгейі бойынша.

Сауалнама жүргізу барысында біз ҚМГ компания-лары тобының негізгі басшыларын және мемлекет-тік органдарды олардың пікірінше маңыздылығы мен әсері бойынша тақырыптарды бағалауын, сон-дай-ақ олар үшін жеке қызығушылық тудыратын және олар есепке қосқысы келетін тақырыптарды белгілеуін сұрадық.

Және соңында біз есебіміздің тигізетін әсері тура-лы ақылға қонымды және теңдестірілген көрініс беретініне және мүдделі тараптарға қызметіміздің қорытындыларын бағалауға мүмкіндік беретініне көз жеткізу үшін Толық етіп беру қағидатын сақтау тұрғысынан анықталған маңызды тақырыптарды

бағаладық. Нәтижесінде маңызды тақырыптардың тізімі өзектендірілді (мысалы, «Биологиялық әртүр-лілік» және «Маркетингтік коммуникациялар» тақы-рыптары қосылды). Есеп жарияланғанға дейін ҚМГ жоғары басшылығы оның мазмұнын қарайды және бекітеді.

Елеулі деп белгіленген тақырыптар, сондай-ақ олардың басымдылығы төмендегі маңыздылық матрицасында көрсетілген. Есептің толық нұсқасы жоғары немесе орташа басымдылығы бар тақы-рыптарды ашады.



Біздің мақсатымыз – одан арғы іс-әрекеттерді кей-іннен жоспарлау үшін олардың қоғам және Топ үшін мәні мен маңыздылығына сай басымдылықтарды белгілеу.тұрақты даму тақырыптарының бір бөлігі материалдық емес сипатта болу фактісі олар биз-нес-стратегиядан алынып тасталатынын білдір-мейді.

Мүдделі тараптармен өзара іс-әрекет жасау дең-гейін көтеру осы есепте ашылатын әлеуметтік аспектілердің санын ұлғайтты (2015 жылмен са-лыстырғанда). Нәтижесінде, бұл маңыздылық ма-трицасына айтарлықтай әсерін тигізді және осы есептің акцентін қызметіміздің әлеуметтік әсеріне ауыстырды.



- 102-43
- 102-46
- 102-49
- 103-1

ЕЛЕУЛІЛІК МАТРИЦАСЫ



- 1 Экономикалық нәтижелілік
- 2 Нарыққа қатысу
- 3 Тәуекел емес экономикалық әсер
- 4 Сатып алу практикасы
- 5 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет
- 6 Бәсекелестікке кедергі жасау
- 31 Бағаланған және дәлелденген қорлардың және өндірудің көлемі мен жіктелімі
- 7 Материалдарды тиімді пайдалану
- 8 Энергия
- 9 Су ресурстарын тиімді пайдалану
- 10 Биологиялық әртүрлілік
- 11 Эмиссиялар
- 12 Қалдықтарды басқару
- 13 Экологиялық талаптарға сәйкес келу
- 14 Өнім берушілердің экологиялық бағалауы
- 32 Өртелген көмірсутегілердің және кему көлемі
- 33 Бұрғылау қалдықтары
- 34 Ілеспе-қабат суларын кәдеге жарату

- 15 Жұмыспен қамту
- 16 Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынастары
- 17 Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік
- 18 Дайындық және білім
- 19 Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер
- 20 Өнім берушілердің әлеуметтік әсерін бағалау
- 21 Адам құқықтарының сақталуын бағалау
- 22 Кемсітуге жол бермеу
- 23 Қауымдастықтардың еркіндігі мен ұжымдық келіссөздер жүргізу
- 24 Балалардың, мәжбүрлі және міндетті еңбек
- 25 Адам құқықтарының сақталу мәнін бағалау (бағалау)
- 26 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету практикасы
- 27 Мемлекеттік саясат
- 28 Әлеуметтік-экономикалық талаптарға сәйкестік
- 35 Төгілуді болдырмау және төтенше жағдайларға дайын болу
- 36 Активтердің тұтастылығы мен өнеркәсіптік қауіпсіздік
- 29 Жергілікті қауымдастықтар
- 30 Өнім мен қызметтерді маркалау

- 102-44
- 102-47
- 103-1

МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР. БОЛАШАҚ ЖҰМЫС БАҒЫТТАРЫ

Біздің ұзақ мерзімді мақсатымыз – жарақаттардың, оқиғалар мен төгілудің толығымен болмауы. Бұл – оңай жұмыс емес, бірақ біз оны жасауға ұмтыламыз. Біз Топтың барлық деңгейлерінде тәуекелдерді жақсырақ түсінуге негізделген еңбек қауіпсіздігінің мәдениетін енгізу үшін елеулі күш-жігер салып келеміз, осылай ғана қауіпсіздік көрсеткіштеріне қол жеткізуге болады. Біздің міндетіміз – 2020 жылға қарай қауіпсіздіктің белсенді мәдениетіне қол жеткізу.

Соңғы 2 жылда еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында болған өзгерістер ашық, анық есептілікке қойылатын талаптармен негіздел-

ді және бұл 2015 және 2016 жылдарда Топтың жоғары басшылығына бонустардың жылдық деңгейлерін белгілейтін қызметтің корпоративтік негізгі көрсеткіш (бұдан әрі – КҰК) болды.

2017 жылдан бастап, жаңа корпоративтік КҰК – жұмыс уақыты жоғалған жазатайым оқиғалар коэффициенті енгізілетін болады (LTIR).


ТОПТЫҢ ҚҰК ДАМУЫ

Қордың корпоративтік басқару рейтингісін бағалауға деген жаңа тәсілі енгізілгеннен бері, Топта тұрақты даму қағидаттарын іске асыру корпоративтік басқару рейтингісіне тікелей әсер ететін


болады. 2017 жылдан бастап корпоративтік басқару рейтингісінің деңгейі тұрақты дамудың құрамдас бөлігінің салмағы 20% болатын корпоративтік ҚҰК болып табылады.

Корпоративтік басқару мәселелерін одан әрі жетілдіруге бағытталған 2016–2017 жылдарда ҚМГ корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары іске асырылатын болады. Осы жоспарды орындау корпоративтік орталықтың бірінші басшылары қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қосылды.

Топтың бағалау карталарындағы тұрақты даму көрсеткіштерінің салмағы



Корпоративтік басқару рейтингісінің құрылымы



● 102-15

● 102-28

МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР. БОЛАШАҚ ЖҰМЫС БАҒЫТТАРЫ

ТОПТЫҢ ҚҰК ДАМУЫ



103-3

2016 ЖЫЛҒЫ МАҚСАТТАРДЫ ЖӘНЕ 2017 ЖЫЛҒЫ ЖОСПАРЛАРДЫ ОРЫНДАУ

2016

- Есептіліктің ашықтығы бойынша корпоративтік ҚҰК
- Хабардар болуды арттыру бағдарламасы



2016 жылғы мақсатқа
қол жеткізу

- Ашықтылықтың 90%-тік деңгейіне қол жеткізілді
- Алтын ережелер, көлік және тергел-тексеруді жүргізу бойынша корпоративтік стандарттар әзірленді, ұзаққа созылған алаңдаушылық видеосы

2017

- 2017 жылғы Корпоративтік ҚҰК белгіленді, LTIR 15%-ке төмендейді
- Топтың жоғары басшылығына арналған МББ жүргізу бойынша 2017 жылғы ҚҰК (>50 000 МББ)
- Кем дегенде В деңгейіндегі корпоративтік басқару рейтингісі



PK Petro
Kazakhstan
Kumkel Resources

PK Petro
Kazakhstan
Kumkel Resources

БІЗДІҢ
АДАМДАР

БІЗДІҢ АДАМДАР

Біздің қызметкерлер – бұл басты құндылық және негізгі ресурс.

Олардың кәсіпқойлығы мен қауіпсіздігі қызметіміздің нәтижелеріне және инвесторлар үшін құндылығымызға тікелей әсер етеді. Біз еңбек нарығында кәсіби кандидаттарды ашық және анық тәсілмен тартуға және демократия қағидатына сәйкес қызметкерлердің оқуын қамтамасыз етуге; олардың қауіпсіздігін қамта-

масыз етуге және тиісінше мотивациялау мен кәсіпқойлықты дамыту үшін бағдарламаны әзірлеуге ұмтыламыз.

Топтың жаңа моделіне сәйкес 2017 жылы «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ тарту жүргізіледі, оның персоналы корпоративтік орталыққа ауыстырылатын болады. Тұтастай алғанда, ҚМГ қолдау функцияларының штат


саны 15%-ке қысқартылады. Біз осы өтпелі кезеңде қызметкерімізді қолдауға тырысамыз.

Компания қызметіндегі елеулі өзгерістерге қатысты хабарландырудың ең аз кезеңі 4 аптаны құрайды.

2016 жылы кадрлардың тұрақтамауы – 13,8% (2015 ж. – 11,13%).




Қызметкерлердің жас санаттары, %



■ 30 жасқа толмаған қызметкерлер
■ Жасы 31-ден 50-ге дейінгі қызметкерлер
■ Жасы 51-ден асатын қызметкерлер

■ Еркектер
■ Өйелдер

Жаңадан жалданған қызметкерлер үлесі, %



● 102-8
● 103-2
● 401-1
● 402-1
● 405-1

БІЗДІҢ АДАМДАР



ПРАКТИКАДАН ҮЛГІ

ҚазТрансГаз газшылардың еңбек әулетін марапаттады

Газ және газбен қамту саласындағы ұлттық оператор «ҚазТрансГаз» Атырау қаласындағы газшылардың еңбек әулеті – Ещановтар отбасын «Самұрық-Қазына» АҚ-тың «Еңбек династиясы» медалімен марапаттады. Осы отбасының жалпы еңбек өтілі 128 жылды құрайтын 7 мүшесі табиғи газды магистральдық тасымалдау саласында жұмыс істейді. Марапаттау салтанатына Атыраудан әулет отағасының жұбайы – Мәрияш-апа, оның үлкен ұлы Марат Победаұлы пен немересі Айдана келді.

Әулет отағасы – Ещанов Победа Жұмағалиұлы 1945 жылы дүниеге келді. 1971 жылы ол газ саласына қарапайым инженер болып келді. Жөндеу-механикалық шеберханасының шеберінен бастап, «Қазақэнергожөндеу» бас директорына дейін еңбек жолын өтіп, ол барлық күш-жігері мен дағдыларын саланың дамуына салды. Газ саласы енді қалыптаса бастаған кезде ол әрқашанда шеберлігімен бөлісуге дайын болды, жас мамандарды оқытып, оларға өз тәжірибесін үйретті. Победа Жұмағалиұлы қоғамдық жұмысты да ұмытқан жоқ, ол Мақат ауданының депутаты болып бірнеше рет сайланды.

Жұбайы – Мәрияш Ещановамен бірге олар жеті бала тәрбиеледі, 19 немерені өсіріп, тәрбиелеуге де көмектесті. Ещановтар әулетінің көпшілігі Победа Жұмағалиұлының ісін жалғастырып, өмір жолын газ саласымен байланыстырды.

Әкесі мен атасының үлгісін көріп, олар газшы кәсібіне деген сүйіспеншілікті ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, оның жолын құды. Сондай-ақ туыстық байланыстары өз алдына, олар кәсіби салада да бірін-бірі жерге қаратқан жоқ, әрқашан биіктен көрінуге тырысады, Ещановтар әулетінің атын биік ұстап, күнделікті адал еңбегімен еліміздің газ саласының дамуына өз үлесін қосып келеді.

ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

2016 жыл еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ЕҚОҚ) саласындағы құрылымдық өзгерістердің екінші жылы және Топтағы қауіпсіздік мәдениетін өзгертудің жалғасы болды.

Бұл қауіпсіздік мәдениетін нығайту, топ-менеджментінің еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау мәселелерін ұстануын арттыру, қызметкерлеріміздің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту (олардың пікірі бойынша жұмыстар қауіпті тәсілмен орындалса, оларға жұмыстарды тоқтатуға құқық беру), жазатайым оқиғалардың түбегейлі себептерін талдау жылы болды.

2016 жылы Топ басшылығының қауіпсіздік және озық әлемдік практикаларды енгізу мәселелерін ұстануы бұрын-соңды болмағандай жоғары болды. ҚМГ басшылығы соңғы үш жыл ішінде мыналарды енгізіп, насихаттап жатыр:

- Өндірістік қызметтің қорытындыларына қатысты адамның өмірі мен денсаулығы құндылығының басым болуы;
- ЕҚОҚ мәселелері бойынша барлық деңгейдегі басшыларды тарту және оқыту;
- Қызметкерлердің қауіпсіздік талаптарының сақталуы үшін дербес жауап беруі;
- Апаттар мен оқиғаларды болдырмау үшін корпоративтік қауіпсіздік мәдениетін құру;
- Барлық мүдделі тараптардың арасындағы тиімді коммуникациялар;
- Жұмыстарды қауіпсіз орындау және қауіпті мінез-құлықты түзету.

2016 жылы ЕҚОҚ саласындағы хабардар болуды арттыру мақсатында жоғары басшылықты оқыту жалғастырылды. Өндірістегі ЕҚОҚ бой-

ынша жоғары көрсеткіштерден тікелей пайданы көргендіктен, басшылар қауіпсіздік жөніндегі оқу іс-шараларына барады, есептілікті қарайды, конструктивтік сұрақтар қойып, қауіпсіздікке көбірек назар аударуда. Еншілес ұйымдардың бас директорларының өндірістегі әрбір кісі өліміне әкеп соққан жағдай үшін Топтың ДК алдында жеке жауап беру практикасы енгізілді.

2016 жылы корпоративтік орталыққа функционалдық есеп беру жетілдірілді. Біз әрбір еншілес ұйымда бас директорға ЕҚОҚ функциясының тікелей әкімшілік есеп беруін және Астанадағы корпоративтік орталыққа функционалдық есеп беруді енгіздік. Астанамен функционалдық байланыс еншілес компаниялардың ақпаратының екіжақты ағынын жақсартуға және оларды қолдауға, сондай-ақ ЕҚОҚ ұйымдарының құзыреттілігін арттыруға және еншілес компаниялардың арасында ЕҚОҚ қызметкерлерін аударуға мүмкіндік береді.

ҚМГ-дегі 1000-нан астам желілік басшылар еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау бойынша форумдар мен семинарларға қатысты.

ҚМГ барлық еншілес компанияларындағы барлық ЕҚОҚ басшылары түбегейлі себептерді талдау бойынша оқудан өтті. Топта «алынған сабақты» тарату жүйесі өзін жақсы көрсетті.

90% жазатайым оқиғалардың негізгі себептері өндірістегі қауіпті мінез-құлық пен қауіпсіздік мәселелеріне қатысты салақтық болып табылады, бұл төмен қауіпсіздік мәдениетінің көрінісі.

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН КӨЛІК ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2016 жылы біз 7 қызметкерді (2015 жылы – 4) жоғалттық, 85 – еңбек қызметіне байланысты әр түрлі жарақат алды (2015 жылы – 99). Көрсеткіш ретінде ЖКО айтарлықтай өзгермеді – тиісінше, 65 және 64.


85 жазатайым оқиғалардың 78%-ы қызметтің үш түріне жатады: ҰКЖ мен Бұрғылау, Жөндеу және Тасымалдау.

Жазатайым оқиғалардың 57%-ы үш топқа кіреді: Құлау/Сырғу/Жүру, Жүргізу және қозғалатын заттардың әсері.

Қызметкерлердің жалпы саны мен бір ЕҚОҚ қызметкерінің ара қатынасы 7%-ға жақсарды.

Көлік Топтағы елеулі тәуекел болып табылады. Мұнай кен орындарымыз бен өндірістік объектілерімізде күн сайын 10,5-тен астам көлік құралдары жұмыс істейді. Қатаң жол жағдайындағы интенсивті қозғалыс Топ қызметкерлерінің, сондай-ақ үшінші тарап қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығы тәуекелде болады.

2015–2016 жылдардағы нағыз табыс – қауіпсіздік белдіктерін орнату бағдарламасы болды. Қауіпсіздік белдіктері Компанияның барлық көлік құралдарында орнатылды. Бұл көрсеткіштердің жақсаруына әсерін тигізді: 2015 жыл-



- 102-15
- 102-33
- 102-43
- 103-1
- 103-2
- 403-2

ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК


мен салыстырғанда 13%-ға және 2014 жылмен салыстырғанда 33%-ға.

2016 жылдың аяғындағы ЖКО коэффициентіміз 1 млн. өткен километрге шаққанда 0,41 апат болды, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 10%-ке (0,44) жақсы.


ЖЕТІСТІКТЕР

Біз Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау жөніндегі корпоративтік мәдениетіміздегі оң өзгерістерге қол жеткізіп, есептілік ашықтығын 300%-тен астам деңгейіне дейін көтердік. Ашықтылықты дамытудағы келесі қадам 2017 жылы ҚМГ-нің IOGP-дегі мүшелік болып табылады, ол да білім мен ақпаратпен алмасуға мүмкіндік береді.

Қызметкерлердің жалпы санының
1 ЕҚОҚ жөніндегі қызметкерге
шаққандағы ара қатынасы




Жұмыстардың түрлері бойынша
жазатайым оқиғалар, %




- Құрылыс, пайдалануға тапсыру/шығару
- Бұрғылау, ҰКЖ, ҚЖЖ
- Түсіру-көтеру операциялары
- Техникалық қызмет көрсету, жөндеу
- Жерүсті көлік
- Офистік жұмыстар

Жазатайым оқиғалардың
түрлері, %




- Құлау
- Биіктіктен құлау
- Жабдықтың опырылып құлауы, опырылуы, құлауы
- Қозғалатын, ұшатын, айналатын заттар мен бөлшектердің әсері
- Электр әсері
- Өрт пен жарылыстар
- Арасында қысылып қалу
- Жаралану
- ЖКО

FAR көрсеткіштерінің серпіні



LTIR көрсеткіштерінің серпіні



- 403-2
- 103-3

ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

Түбегейлі себептерді талдауға негізделген оқиғаларды болдырмау және оқиғаларды тергеп-тексеру, компаниялар тобы бойынша алынған сабақтар туралы оқу және ақпаратты тарату 2016 жылы жұмыс фокусында болды, бұл LTIR көрсеткіштерін азайтуға оң әсерін тигізді.

Еңбекті қорғау және денсаулық сақтау мәселелеріндегі жақсарту үшін, сондай-ақ жазатайым және өнеркәсіптік оқиғалардың көрсеткіштерін азайту үшін салаларды айқындау мақсатында біз мұнай-газ секторының осы секілді компанияларымен (Халықаралық мұнай және газ өндірушілері ұйымдары, IOGP) бенчмаркинг жүргізуді жалғастырып жатырмыз.

2016 жылы қауіпсіздік мәдениетін арттыру және өндірістегі деңгейін азайту үшін мынадай жұмыстар жасалды:

- Топтың барлық автомобильдері қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталды;
- «Қауіпсіздік бойынша іс-қимылды бақылау» бағдарламасы әзірленді;
- Мынадай корпоративтік құжаттар әзірленді:
 - ЕҚОҚ саласындағы стратегиялық бастамашылықтарды қамтитын 2016–2020 жылдарға арналған жол картасы;
 - Қауіпсіздік бойынша іс-қимылды бақылау қағидалары;
- Жарақаттылық деңгейі ең жоғары еншілес ұйымдарда аудиттер жүргізілді;
- Қызметкерлерді – жұмыс кезінде тәуекелдерді талдау және басшыларды – қауіпсіздік бойынша жаңа бағдарламалар, олардың қауіпсіздік процестеріне тартылу маңы-

здылығы бойынша оқыту мақсатында көшпелі тұсаукесерлер өткізілді;

- Қауіпсіздік мәдениетіндегі өзгерістерді бақылау мақсатында қауіпсіздік мәдениеті бойынша ауқымды сауалнама жүргізілді;
- Желілік қызметкерлердің қауіпсіздік бойынша нұсқаулық беруді неғұрлым сапалы жүргізу мақсатында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жиналыстарын жүргізуге арналған. Тақырыптар жиынағы әзірленіп жіберілді;
- «Қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру» тақырыбына еңбек қауіпсіздігі және еңбекті оны қорғау саласындағы бас директорлардың II Жыл сайынғы форумы өткізілді;
- ЕҚОҚ бойынша қауіпсіздік көшбасшылығы академиясы құрылды;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялары тобының денсаулық сақтау, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ең үздік инновациялық идеялар мен практикалар» атты ҚМГ Басқармасы төрағасының II жыл сайынғы конкурс өткізілді.

БОЛАШАҚ ЖҰМЫС БАҒЫТТАРЫ

Біздің келесі 5 жылға арналған жоспарларымыз 2016–2020 жылдарға арналған жол картасында бекітілді.

Жергілікті жерлерде желілік басшылар мен қызметкерлер арасында еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау бойынша ашық диалогты құру үшін 2017 жылы қауіпсіздік бойынша іс-қимылды бақылау бағдарламасын (КИКБ) енгізу жоспарлануда. Бұл бағдарлама ең озық әлемдік практикалардың

бірі болып табылады және Топ қауіпсіздігінің мәдениетіне оң әсерін тигізеді.

2017 жылы қауіпсіздік белдіктерін пайдалану мәдениетін арттыруға, жүргізушінің ең кең тараған 5 қатесін түсіндіруге, сапарларды басқаруға оқытуға және Көлік қауіпсіздігі бойынша стандартты қатаң бақылауға бағытталған «Convincer» тренажер-имитаторды қолдана отырып, бағдарламаны енгізу жоспарланып отыр.

2017 жылдан бастап ЕҚОҚ комитеттерінің үш деңгейлі жүйесі өз жұмысын бастайды. Комитеттердің құрамына: жоғары басшылық, өндіріс басшылары мен ЕҚОҚ жөніндегі басшылар кіреді. Комитеттер жүйесін құру мақсаты – ЕҚОҚ жөніндегі трансформация процесін басқару. Комитеттер мынадай міндеттерді шешуге арналған:


- ЕҚОҚ мәселелері бойынша жоғары басшылықтың ой-пікірін көрсету;
- Белгілі бір мақсаттармен және міндеттермен денсаулық сақтау және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау саласындағы Топ көзқарасын қалыптастыру;
- ЕҚОҚ саласындағы мақсатты бағдарламаларды әзірлеудегі көшбасшылықты қамтамасыз ету және бесжылдық жоспарды орындау үшін қажетті ресурстарды беру;
- ЕҚОҚ саласындағы тәуекелдер мен мүмкіндіктер бойынша консультацияларды беру.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Топта денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы мәселелерін басқару ұлттық заңнаманың және халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Жұмыс беруші мен Кәсіподақтар арасындағы ұжымдық шарттар еңбекті қорғау мен денсаулық сақтау мәселелері: жұмыс орындарының қауіпсіздігі бойынша шараларды, қызметкерлердің сауығуы бағытталған әлеуметтік кепілдіктерді, жеңілдіктер мен өтемақыларды (емдеуге арналған материалдық көмек, медициналық қызметтердің көрсетілуін ұйымдастыру, салауатты өмір салтын насихаттау, спорт іс-шараларын ұйымдастыру) қамтиды.


Топ бойынша ауру-сырқау құрылымы, %



Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеудің тиімді тетігін құру, қызметкерлер мен жұмыс берушілер мүдделерінің арасындағы оңтайлы балансты қамтамасыз ету ҚР Энергетика министрлігі, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «KAZENERGY» қауымдастығы мен кәсіподақ өкілдерінің арасындағы келісіммен реттеледі.

Кісі өліміне әкеп соққан тұрмыстық жағдайларды тіркеу практикасы енгізілді, бұрын мұндай статистика жүргізілмеді. Тұтастай алғанда, өндіріске байланысты емес кісі өліміне әкеп соққан жағдайлардың негізгі себептері: жүрек-қан тамырлары аурулары, жүректің ишемиялық ауруы, инсульт және қызметкерлердің созылмалы аурулары.

Сырқаттық бойынша жұмысқа жарамсыздық күндер саны



САУЫҚТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Топтың денсаулық сақтау және гигиена саласындағы стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу шеңберінде қызметкерлерді сауықтыруға бағытталған бастамашылықтарды енгізу жұмысы жүргізіліп жатыр. Бастапқы кезеңде «Сауықтыруға 10 қадам» атты ұсынымдар әзірленді, олар, ең алдымен, физикалық белсенділікті арттыруға, жаман әдеттерді (дұрыс тамақтанбау, темекі тарту, алкоголь) жоюға бағытталған және денсаулықты жақсартуда тиімді болып табылады.

2017 жылдағы одан арғы жұмыстар: еңбек жағдайын және жұмыс орындарын жақсартуға, медициналық қызметтердің және зардап шеккендерге бірінші көмек көрсету сапасын арттыруға; бақылаудағы қызметкерлерді бақылауға және мониторингіне; салауатты өмір салтына үйрету мен оны насихаттауға бағытталатын болады.

Персоналды кәсіби оқыту және олардың біліктілігін арттыру және оларды жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету шараларының кешенін жыл сайын жүзеге асырады. Кәсіби ауруларды анықтау мақсатында жыл сайын медициналық қарап-тексеру жүргізіліп жатыр. Бұдан басқа, зиянды және қауіпті әсерге байланысты кәсіптер айқындалды, сондай-ақ әрбір жұмыс орнында қауіпті және зиянды өндірістік факторлар сәйкестендірілді, оларды азайту бойынша іс-шаралар әзірленді. Топтың барлық персоналы еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым жағдайлардан сақтандырылды.

- 102-15
- 103-2
- 103-3
- 403-3
- 403-2
- 403-4

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

ПРАКТИКАДАН ҮЛГІ



2016 жылы Топ кәсіподақтарының және еңбек ұжымдарының басшылары ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған Спартакиаданы өткізу үшін ҚМГ-нің бірыңғай флагының астында бірікті.

Екі кезеңді Спартакиада салауатты өмір салтын насихаттау, дене шынықтыру мен спортқа тарту және Топ қызметкерлерінің арасында коммуникацияларды реттеу мақсатында өткізілді.

2016 жылғы наурыздан бастап шілдеге дейін еншілес ұйымдардың қызметкерлерінен 10 команда құрылды. Оларға Топтың 50 ұйымынан шамамен 2 500 мың қызметкер кірді. Жарыстардың жеңімпаздары Финалға қатысу үшін жолдамалар алды.

Мұнай-газ өнеркәсібінің қызметкерлері күні қарсаңында Астана қаласының 6 спорт кешенінде Спартакиаданың Финалдық кезеңі өтті. 3 күн ішінде Топтың 30 ұйымынан 500-ден астам қызметкері бәсекелес және достық атмосферада спорттың 9 түрі: мини-футбол, баскетбол, волейбол, бильярд, жүгіру және аралас эстафета, үстел теннисі, шахматтар, шашкалар мен тоғыз қомалақ бойынша жарысты.

Жарыс қорытындылары бойынша барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерге медальдар мен дипломдар, сондай-ақ ақшалай жүлделер тапсырылды.


Спартакиада жыл сайын өтетін болады.



АДАМДАРҒА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҒЫМЫЗ

ҚМГ өз қызметкерлеріне әлеуметтік жәрдемақылар мен өтемақылардың түрлерін қамтитын мынадай кепілдендірілген әлеуметтік пакетті ұсынады: еңбек демалысына сауықтыруға берілетін материалдық көмек; жүктілікке және тууына байланысты төлемдер; бала 1,5 жасқа толғанға дейін оған күтім жасау бойынша демалыстағы қызметкерлерге төленетін ай сайынғы төлемдер; еңбекке қабілеттігін жалпы жоғалтуына, мүгедектік алуына байланысты басқа жұмысқа ауысу мүмкін болмаған жағдайда еңбек шартын бұзу кезіндегі өтемақы; қайтыс болған қызметкерді жерлеуді ұйымдастыруға арналған біржолғы төлем, өндірістегі жазатайым жағдайдың нәтижесінде қайтыс болған қызметкердің отбасына арналған біржолғы төлем.

Ана/әке болуына байланысты демалыстағы қызметкерлер, саны



Біз ана/әке болуына байланысты демалыс үшін барлық қажетті жағдай жасаймыз, сондықтан да бізде – декрет демалысынан шыққан қызметкерлері көрсеткіші жоғары (соңғы 3 жылда 85–86% шегінде).

Сондай-ақ Компания ауру жағдайларында ерікті медициналық сақтандыруға және Қазақстанның балалардың сауығуына арналған лагерьлерінде қызметкер балаларының демалысын ұйымдастыруға әлеуметтік кепілдіктерді береді.

Бұдан басқа, қызметкерлерге әлеуметтік қолдаудың тарихи қалыптасқан түрлері көрсетіледі. Әлеуметтік көмектің осы түрлері ұжымдық шарттарда бекітілген не кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген. Осындай

416 млн. теңге

(\$1,2 млн.)

Корпоративтік орталық қызметкерлерінің жеке зейнеткерлік жинақтар

19 млрд. теңге

(\$55 млн.)

2016 жылы ҚМГ компаниялары тобының қызметкерлерін әлеуметтік қолдау, оның ішінде жұмыс істемейтін зейнеткерлерге әлеуметтік қолдау шығыстары шамамен 19 млрд. теңге (\$55 млн.) болды.

төлемдерге: мерейтойлық жасқа толуына байланысты; неке қиюына байланысты; неке қию кезіндегі қысқа мерзімді демалыс беру; баланың тууына байланысты; туысқандарының қайтыс болуына байланысты – жалақысы сақталып берілетін қысқа мерзімді демалыс беру; егер емдеу шығындары сақтандыру бағдарламасында белгіленген лимиттен асып түссе, емдеуге және медициналық операцияларды төлеу; мүгедек-қызметкерлерге; қызметкердің мүгедек-балаларына және көптеген басқа да төлемдер жатады. Дағдарысқа қарамастан, осы жәрдемақылар өзгерген жоқ.

Ұлттық заңнамаға сәйкес азаматтардың зейнетақы жинақтары Бірыңғай зейнетақылық жинақтау қорында орналасқан. Зейнетақы жинақтар: мемлекет кепілдік берген ең аз зейнетақы мөлшерлемесінен; жеке зейнетақы жинақтарынан (ай сайынғы жарна – жалақының 10%) және қосымша өңірлік үстеме ақыларынан тұрады.

Одан басқа, Топта жұмыс істемейтін зейнеткерлерге арналған зейнеткерлік бағдарлама әске асырылуда, оған сәйкес құрмет демалысына шыққан кейін қызметкерлер белгілі бір материалдық қолдау ала алады.

2016 жылы Топтың 5 еншілес ұйымында тараптардың келісімі бойынша еңбек қатынастарын бұзу, зейнеткерлік жасқа толған қызметкерлермен – еңбек қатынастарын бұзу кезінде өтемақы төлеп, бұзу кезінде зейнеткерлік жастың алдындағы қызметкерлерге зейнеткерлікке ерте шығу мүмкіндігін беру бойынша пилоттық жоба іске асырылды.

- 401-3
- 401-2
- 201-3

ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР САЛУ

Біз қатысатын өңірлердегі адам капиталының дамуына ұмтыламыз. Қойылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін біз персоналдың жыл сайынғы негізде оқуын және дамуын қамтамасыз етеміз және жас мамандарды даярлау жұмысын жүргізіп жатырмыз.

2016 жылы Топтағы оқу шығындары 4,5 млрд. теңге (\$13,2 млн.) болды, бұл ретте бір қызметкерге шаққандағы оқудың орташа құны 46 тыс. теңгені (\$134,6) (2015 жылы – 45 тыс. теңге, \$202) құрайды.

Қызметкерлеріміздің өндірістік қызметінің қауіпті сипатын ескерсек, еңбекті қорғау саласындағы оқу міндетті болып табылады.

Біз еңбекті қорғау саласындағы оқудан уақытында және лайықты түрде өту тәуекелдерді басқарудың жақсы практикасы болып табылады деп есептейміз.

2016 жылы ЕҚОҚ мәселелері бойынша 46,9 мың адам 467,2 млн. теңге (\$1,4 млн.) сомасына оқыды.


Топтың бірінші басшылары үшін – хабардар болуына арттыру, бақылау функцияларын жақсарту және аудиттерді жүргізу, сондай-ақ ЕҚОҚ бойынша тексеру мен тергеудің жоғары стандарттарына қол жеткізу мақсатында түбегейлі себептерге талдау жүргізуге оқыту жүргізілді.

Қызметкерлердің оқуы мен дамуы жыныстық белгі мен атқаратын лауазымына қарамастан жүзеге асырылатынын атап өтеміз.


Топтағы персоналдың оқуының жаңа үлгісін іске асыру шеңберінде есепті жылы (70/20/10–жұмыс орнында оқу/ішкі/сыртқы оқу) «Ішкі тренерлер институты» жобасы іске қосылды. Осылайша, 2016 жылы ішкі тренерлер 334 қызметкерді оқытты.

Топтың ұзақ мерзімді дамуының тағы бір ба-сым бағыты көшбасшылық қасиеттері бар жаңа форматтағы басшыларды даярлау мақсатында Бірыңғай кадр резервін қалыптастыру және дамыту болып табылады. 2015–2016 жылдар кезеңінде объективті және ашық конкурстық

Оқудан қызметкерлер, санаттар бойынша, 2016 ж., %



Оқудан өткен қызметкерлердің саны, мың адам



Оқудан өткен қызметкерлер



Оның ішінде:

89,4% – өндірістік персонал

10,6% – әкімшілік-басқарушылық персонал

- 102-15
- 103-1
- 103-2
- 103-3
- 405-2
- 404-2

ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР САЛУ

ТӘУЕЛСІЗ ПІКІР



И.М. Губкин атындағы Ресейлік мемлекеттік мұнай және газ университеті

мен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ 10 жылдан астам энергетикалық сектордың жоғары білікті мамандарды даярлау бойынша қосымша кәсіби білім саласында табысты ынтымақтастық келеді.

Осы өзара тиімді ынтымақтастық шеңберінде Халықаралық бизнес мектебі 2012 жылдан бастап, ҚР мұнай-газ компанияларының кадрлық резервін «Іскерлік Әкімшілік ету шебері – Master of Business Administration (MBA) «Мұнай-газ бизнесін басқару» атты қосымша кәсіби білім бағдарламасы бойынша оқытуды жүргізеді.

Халықаралық бизнес мектебі іске асыратын қосымша кәсіби білім бағдарламаларында мұнай-газ компаниялары қатысатын өңірлерде кадрлық саясат және персоналды басқару мәселелеріне, еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік саясатты жетілдіруге және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті жетілдіруге баса назар аударылады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қызметкерлерінің кәсіпқойлығы мен тиісті базалық білімінің жоғары деңгейін атап өтеміз.

Халықаралық бизнес мектебінің директоры, халықаралық энергетикалық бизнес факультетінің деканы, PFA корреспондент-мүшесі, э.ғ.д., профессор Е.А. Телегина

іріктеуден өткен, оның барысында кәсіби және жеке-іскерлік қасиеттері бағаланған кадр резервіне 86 жоғары әлеуетті қызметкер кірді.

2016 жылы резервистерге арналған арнайы оқу бағдарламалары бойынша 11 семинар (24 адам оқыды), сондай-ақ 6 резервист Executive MBA екі дипломдық бағдарламасы бойынша оқуды аяқтады. Бұдан басқа, Бірыңғай кадр резервінен 9 адам Қазақстан-Британ техникалық университеті мен И.М. Губкин атындағы Ресейлік мемлекеттік мұнай және газ университеті арнайы әзірлеген Executive MBA бағдарламасы бойынша оқуға жіберілетін болады.

2016 жылы қызметкерлерді ЕҚОҚ бойынша оқуға жіберу және оқудан өткендер саны, адам.

ЕҚОҚ бағыты	Қызметкерлер саны
ЕҚЖҚ	6 653
Өнеркәсіптік қауіпсіздік	29 732
Өрт қауіпсіздігі	9 057
Көлік қауіпсіздігі	757
Денсаулық сақтау	38
Менеджмент жүйесі	132
ҚОҚ	55
Тұрақты даму	15
Қалдықтарды басқару	19
Су ресурстарын басқару	2
Парниктік газдар	27
АҚЖТЖ	15
Өзгелері	399

Озық тәжірибемен алмасу және оны зерттеу, кәсіби білім мен дағдыларды сатып алу мақсатында 2016 жылдан бастап, Топ қызметкерлерінің «Роснефть» ҰК» ААҚ, Nabors Industries Ltd, Schlumberger company, «Газпром» КАҚ, Royal Dutch Shell, «Татнефть» КАҚ, CNPC секілді серіктес-компанияларда тағлымдамадан өту жобасы іске асырылуда.

Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясының (CNPC) Қарамай Синьцзян кен орнында Топтың 18 қызметкері «Бұрғылау» бағыты бойынша, «Роснефть» ҰК» ААҚ еншілес кәсіпорындарында 8 қызметкер мынадай бағыттар бойынша тағлымдамадан өтті:

- Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, өрт қауіпсіздігі;
- Геология және геологиялық-барлау;
- Мұнай өңдеу;
- Өндіру процестерін автоматтандыру.

Бұдан басқа, 2016 жылы тағлымдамаларды өткізу мақсатында «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ-мен мұнай-газ саласындағы білім және кадрларды даярлау саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

ДУАЛЬДІК ОҚУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мұнай-газ саласы үшін жас білікті кадрларды даярлау мақсатында дуальдік оқуды ұйымдастыру бойынша пилоттық жобалардың іске асырылуы жалғастырылды (кәсіпорында тікелей оқу – уақыттың 60%-ті және уақыттың 40%-ті ғана – колледжде).

ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР САЛУ

ТӘУЕЛСІЗ ПІКІР



«ҚБТУ мұнай-газ инжинирингі және ақпараттық технологиялары институты» ЖШС «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-пен 5 жылдан астам ҚМГ қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру саласында ынтымақтасып келеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ корпоративтік оқу жүйесін дамыту мақсатында қызметкерлерді қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға және магистрлік бағдарламаларға жіберіп, олардың кәсіби сапасын жақсартуға ынталандырады.

Әрбір оқу курсынан кейін өткен оқудың нәтижелілігін бағалау, оның ішінде – қатысушыларға сауалнама жүргізу және тренерлердің кері байланысы арқылы жүргізіледі. Тиімділікті бағалау қорытындылары ҚМГ қызметкерлерінің жоғары кәсіпқойлығын, өз компаниясына қатысты жауапкершілік сезімін көрсетті.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-қа жаңа жетістіктер мен қаржы табысына қол жеткізуді тілейміз.

Корпоративтік оқу
орталығының басшысы
К. Филимонова

Осылайша, 2016 жылы Павлодар мұнай-химия зауытының базасында «Павлодар химия-механикалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 33 студенті оқудан өтті. Павлодар мұнай-химия зауытында практикадан өту қорытындылары бойынша 26 студент жұмысқа орналастырылды.

«Ембімұнайгаз» АҚ базасында 39 студент – Атырау мұнай және газ институтының 34 студенті мен «АРЕС Petrotechnic жоғары мектебі» ЖШС-ның 5 студенті оқудан өтті. Практика қорытындылары бойынша 4 студент жұмысқа орналастырылды.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Тараз» магистральдық газ құбырлары басқармасы» филиалының базасында 26 студент – Жамбыл политехникалық колледжінің 25 студенті мен «Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжі» МКҚК-нің 1 студенті оқудан өтті.

Елдің бейінді жоғары оқу орындарымен (ҚБТУ, Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, Атырау мұнай және газ институты, Шахмардан Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университет, ҚМЭБИ, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ және басқалары) студенттердің практикадан өтуі туралы келісімдер жасалды.

БАРЛЫҚ ҮШІН ТЕҢДІК

Персоналды ынталандыруға деген көзқарасымыз еңбекақы төлеудің лайықты деңгейін, қызметкерлер құқықтарының ашықтылығы мен сақталуын қамтамасыз ету қағидаттарына негізделеді. Еңбекақы төлеу жүйесіне барлық

өзгерістер мүдделі тараптардың пікірлері мен ұсыныстары ескеріліп енгізіледі.

«Барлау және өндіру» бизнес-бағытындағы компанияларда Еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі (ЕТБЖ) енгізілді, оның мақсаты еңбекақы төлеу жүйесін реттеу, барлық бөлімшелерде еңбекақы төлеудің бірыңғай тәртібін қамтамасыз ету және қызметкерлердің еңбек нәтижелеріне деген мүдделілігін күшейту арқылы ҚМГ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу болып табылады. Осы жүйеде қызметкерлерге өтемақы төлемдері, үстеме және қосымша төлемдер берілетін бірқатар шарттар көзделген; осындай критерийлердің бірі климаттық жағдайлары ауыр өңірлерде жұмыстарды орындауға байланысты қосымша шығыстарды және жоғарылатылған еңбек шығындарын өтеу мақсатында жалақының салыстырмалы ұлғаю көрсеткіші – Өңірлік коэффициент болып табылады. Осы коэффициенттің ең жоғары мәні Маңғыстау және Атырау облыстарына келеді. Бұл ретте, бізде жынысқа қарамастан, қызметкерлердің барлық санаттары үшін жалақының бәсекеге қабілетті болып табылады.

Топтағы бастапқы деңгейдегі жалақының ұлттық заңнамада белгіленген ең аз жалақыға қатынасы 5:1-тен 10:1-ге дейінгі шектерде.

Қатысатын өңірлердегі жергілікті халықтың өкілдерінің арасынан жалданған жоғары рангтердегі басшылардың үлесі 89%-ті құрайды.

Еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру мақсатында біз адам ресурстарын басқару саласындағы

- 402-1
- 405-2
- 202-1
- 202-2
- 102-35
- 102-36
- 103-2
- 103-3

ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР САЛУ

ПРАКТИКАДАН ҮЛГІ

«Үздік маман/Лучший по профессии» атты кәсіби шеберлік конкурсы:

2016 жылы 20 жұмысшы кәсібі арасында «Үздік маман» атты кәсіби конкурс өтті. Оған Конкурсқа іріктеу кезеңінің нәтижелері бойынша белгіленген ең үздік 126 кәсіпқой қатысты.

Конкурс Топтың 24 ұйымының қатысуымен алты өндірістік алаңында ұйымдастырылды.

Осылайша, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ базасында мұнай және газ өндіру операторлары, қабаттық қысымды қолдау операторлары, ұңғымаларды зерттеу операторлары, технологиялық жабдықты жөндеу және оларға қызмет көрсету слесарьлары өз шеберлігін көрсетті.

«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС базасында көлікшілер: автокөлік жүргізушілері, автокөліктік кран машинистері, 320 агрегатының моторист-машинистері жарысты. Бұрғылау бригадалары, ҰЖК мен ҰЖЖ бригадалары, сондай-ақ токарлар «Oil Services Company» ЖШС базасында жарысты.

«ҚазТрансОйл» АҚ оқу-курс комбинаты ҚМГ-нің әр түрлі еншілес кәсіпорындарының тауарлық операторларын, БӨАЖА слесарьларын, электр-газ дәнекерлеушілерін, электр монтерлерін, химиялық талдау зертханашыларын біріктірді.



Атырау қаласында Атырау мұнай өңдеу зауытының базасында төрт жұмысшы кәсібі бойынша үш зауыт (Атырау мұнай өңдеу зауыты, Павлодар мұнай-химия зауыты, Петро Қазақстан Ойл Продактс) арасында ең үздігі айқындалды.

7 қазанда Ақтау қаласында Абай атындағы Мәдениет сарайында конкурстың ресми қорытындылары шығарылып, салтанатты түрде жеңімпаздарды марапаттау өтті. Ең үздіктері «Үздік маман» медалімен, ақшалай сыйлықақылармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«Үздік маман/Лучший по профессии» конкурсы туралы толық ақпаратпен www.kmg.kz/thebestprofessional сілтемесі бойынша өтіп, танысуға болады.



халықаралық әдіснаманы қолдана отырып, бірқатар лауазымдарды (Корпоративтік орталықтың әкімшілік қызметкерлерінің деңгейінен бастап еншілес ұйымдардың топ-менеджментінің деңгейіне дейін) бағалаудың жаңа тәсілін енгіздік.

Жоғары басқару органының мен басшылық құрам үшін жалақыны есептеу жүйесі еңбек өнімділігінің және қызмет тиімділігінің нәтижелілігіне, мотивациясына, оны арттыруға шоғырландырылған және қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу қорытындылары бойынша қысқа мерзімді сыйақы элементтерін қамтиды. Ең үздік әлемдік практикаларға сәйкес басшы қызметкерлер нәтижелілігінің көрсеткіштері Топтың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік міндеттерін көрсетеді.


2016 жылы трансформация шеңберінде басшы қызметкерлердің атқаратын лауазымдарға сәйкестігін бағалау жобасы (Job Matching) іске асырылды. Осы жобаның қорытындылары бойынша Топтағы еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдарды әзірледі.

ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР САЛУ

ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ПІКІРІ

«Жоба мені құтқарды. Шын мәнісінде құтқарды. Күнделікті өмір бір сарынды өтіп жатады, шабытсыз еңбектенуге үйреніп, кәдуілгі тұрмыстық мәселелерді автоматты түрде шешесің. Сондықтан да, мен жобаға жинау туралы хабарландыруды көргенде, сәтсіздікке ұшыраудан үрейленіп, жеңістерге қуанған сәттерім, яғни, университеттегі студенттік драйв сезімі, күш-жігер қайнап тасыған кезім есіме түсті. Нәтижесінде, мен естен кетпес тәжірибе алдым, алғаш лекциямды дайындағанда, барлық күш-жігерімді салдым, мен үшін бұл нағыз сын-тегеурін болды, оқуды өткізер алдында қобалжыдым да, бірақ қатысушылар қызық сұрақтар қоя бастағанда, бұл мені алға жетеледі.

Тренерлік маған білімімді жетілдіруге мүмкіндік береді. Бірақ, ең бастысы, тренерлік ақылдың ұшқырлығын жоғалтпай, өз кәсібіңе жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді, себебі өзіңнің пән саланды жаңаша, ысылмаған қатысушылардың әуесқой көзқарасымен көресің. Тренер Білім беріп, Шабыт алады. Бұл өте қажет екені сөзсіз».



Сейтали́на Қорла́н – стратегия департаментінің директоры, ішкі тренер («Ішкі тренерлер институты» жобасы іске қосылғаннан бері оған қатысып жүр. 2016 жылдың қорытындылары бойынша «Жылдың ең үздік тренері» конкурсында бірінші орын алды.

ПЕРСОНАЛДЫ БАҒАЛАУ

ҚМГ-де персоналды бағалау рәсімі 2004 жылдан бастап қолданылуда және қызметтің тиімділігін айқындауға және барабар материалдық және материалдық емес сыйақыны ынталандыруға бағытталған.

Осы рәсім Топтың әкімшілік персоналын бағалау қағидаларымен реттеледі және бағалаудың екі түрі: кәсіби дамуды бағалау мен қызмет нәтижелілігін бағалауға негізделеді.

Қызмет нәтижелілігін бағалау бір жылға мақсаттар қою негізінде тоқсан сайын жүргізіледі және оның тоқсандық сыйлықақы төлеу ретінде лауазымдық айлықақының 0-ден 1.5-ке дейінгі нақты сандық көрсеткіштері бар.

Кәсіби дамуды бағалау жыл сайын жүргізіледі және материалдық емес ынталандыру мақсатына арналған – бағалау комиссиясы кадрлық резервке қосуды, лауазымын көтеруге, Топтағы ротацияға, кәсіби даму үшін жеке оқу немесе өзге де мүмкіндіктерді ұсына алады.

2016 жылы өткен кезеңдегі бағалау қорытындылары бойынша Топтың корпоративтік тобының 13%-ті кадрлық резервке қосуға, 5% – лауазымын көтеруге, 29% – лауазымдық айлықақысын қайта қарауға ұсынылды. Бағалау қорытындылары бойынша әрбір қызметкерге жеке даму жоспары қалыптастырылады.

Бұдан басқа, 2015 жылы Топтың басшы қызметкерлерінің, басқарушылық және әкімшілік персоналының жеке (іскерлік) құзыреттерінің үлгі моделі бекітілді. Құзыреттер моделінің шеңберінде Топтың менеджерлік құрамының санынан 190 адам нәтижелілікті бағалаудан өтті. Менеджерлік құрамды бағалау нәтижелері бойынша әрбір қатысу үшін жеке даму жоспары мен компаниялар тобы бойынша негізгі позицияларға арналған сабақтастық жоспары жасалды.

2016 жыл ішінде 23 466 адам, оның ішінде 84% – еркектер және 16% – әйелдер, тоқсан сайын нәтижелілікті бағалаудан өтті.

2016 жылы Топ қызметкерлерінің көпшілігі әр түрлі наградалармен, оның ішінде: мемлекеттік (76 адам), ведомстволық (112 адам), 60-тан астам қызметкер «Самұрық-Қазына» АҚ Құрмет грамотасымен, 12 қызметкер – «KAZENERGY» наградаларымен марапатталды, ал ең үздік 320 қызметкер «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Құрмет грамоталарын және естелік белгілерін алды.

103-3

404-3

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Қазақстан Республикасы адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары жоғары құндылықтары болып табылатын құқықтық мемлекет болып табылады. ҚР Конституциясының 14-бабының 2-тармағына сәйкес: «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды».

Біз, ұлттық компания ретінде, адамның негіз қалаушы құқықтарын қатаң сақтауымыз. Біз әрқайсымызға тең құқықтар берудің даусыз маңыздылығын мойындаймыз.

Біздің қандай да бір болмасын белгі бойынша кемсітуге жол бермеу саясатымыз Корпоративтік орталық пен еншілес тәуелді ұйымдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ барлық мүдделі тараптарға қолданылады. Біздің адамның базалық құқықтары бойынша ұстанымымыз жылдан жылға мызғымас және тұрақты болып қала береді: біз балалар еңбегін пайдаланбаймыз, мәжбүрлі еңбекті қолданбаймыз, барлық қызметкерлер мен контрагенттердің нәсіліне, діні мен жынысына қарамастан, олардың тең құқығын мойындаймыз.

Сонымен бірге, біз Топтағы қызметкерлер құқықтарының сақталуына мониторингті жүргіземіз және осы мақсатта оқтын-оқтын ішкі тренингтерді, тұрақты түсіндіру жұмысын жүргіземіз, консультациялар береміз, этика мен заңнаманың бұзылу мәселелері бойынша қызметкерлердің сұраулары мен өтініштері қабылдаймыз. Шынайы мүдделер қақтығы пайда болған жағдайларда оларды дұрыс шешу үшін

қызметкерлерге нұсқамалар береміз, қызметкерлер (сыртқы өтініштердің – клиенттердің, әріптестер мен басқа да мүдделі тұлғалардың) өтініштерінің статистикасы мен есебін жүргіземіз. Келіп түсетін ақпаратты талдау қорытындылары ҚМГ Іскерлік этика кодексін үнемі жетілдіруде көрінеді.

Еңбекшілердің даусыз құқығы – қауымдастықтар бостандығына құқық, еңбек ұжымдарының мүдделерін қорғау үшін кәсіби одақтарға бірігу құқығы болып табылады, Біз, әлеуметтік жауапты компания ретінде, осы құқықты толық қолдап, осы институционалдық құрылымды дамыту үшін қолайлы ортаны құраймыз.

Ұжымдық шарт еңбек ұжымы мен жұмыс беруші арасындағы, ұйымдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін жазбаша келісім нысанындағы құқықтық акт болып табылады. Бұл ретте, Топтың еншілес және тәуелді ұйымдарында ұжымдық шарттарды жасасу мәніне ұжымдық келіссөздер тараптардың тең құқықтығы мен мүдделерін құрметтеу қағидаттарының; ұжымдық шарттың мазмұнын құрайтын мәселелерді талқылауда таңдау еркіндігінің; тараптардың міндеттемелерді ерікті түрде қабылдауының; қабылданған ұжымдық шарттардың орындалуын бақылаудың; тараптардың, олардың өкілдерінің кінәсынан ұжымдық шарттардың орындалмауы үшін жауапкершілігінің негізінде жүргізіледі. 2016 жылдың аяғында біздің 38 еншілес ұйымында ұжымдық шарттарға қол қойылды (2015 жылы – 37).

Топтың еншілес компанияларындағы әлеуметтік шиеленісті өсуін болдырмау мақсатында туындайтын жағдайларға уақытылы ден қоюға, олардың

пайда болу себептерін айқындауға, проблемаларды жою бойынша жауаптыларды бекітуге және тиісті шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретін «Әлеуметтік ахуал мониторингі» (ӘАМ) үшін құралдар әзірленді. 2016 жылы біз оқтын-оқтын туындайтын әлеуметтік шиеленістің өсуі байқалатын ӘАМ-ды алты ЕТҰ-да тестілік режимде енгіздік.

Әлеуметтік тұрақтылық рейтингісі


2013 жылдан бастап, Топтың еншілес компанияларында Әлеуметтік тұрақтылық рейтингісін (бұдан әрі – ӘТР) айқындау бойынша социологиялық зерттеу жүргізілді. 2013 жылы ҚМГ компанияларының тобында ӘТР 61%, ал соңғы үш жылда, 2014 жылдан бастап 2016 жылға дейін үнемі 74% деңгейінде сақталып келеді.

Зерттеу қорытындылары бойынша барлық қауіпті аймақтар бойынша еңбек ұжымдарында ӘТР деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленеді.

58 658 адам

Ұжымдық шартпен қамтылған
қызметкерлер саны (2015 жыл – 54 197)

- 103-1
- 406-1
- 408-1
- 409-1
- 102-16
- 103-2
- 407-1
- 102-41



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
КӨРСЕТКІШТЕР

САЯСАТ ЖӘНЕ БАСҚАРУ



ПРАКТИКАДАН ҮЛГІ

2016 жылы мынадай салтанатты тапсыру өтті:

- «ҚазТрансГаз» АҚ – EFQM «Жетістікке ұмтылу» сертификаты;
- «ҚазТрансГаз» АҚ, «Амангелді Газ» ЖШС, «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС – AFNOR нормалары бойынша ISO 9001:2008, ISO 14001:2004, OHSAS 18001:2007 сәйкес келу бойынша бірыңғай сертификаты;
- «Интергаз Орталық Азия» АҚ – EFQM «Танылған жетістік» сертификаты (3 жұлдыз).

AFNOR француздық Ұлттық стандарттау органы және сертификаттау нарығындағы жетекші әлемдік ойыншылардың бірі болып табылады.

EFQM Еуропалық Одақтың компанияларды басқару жүйесінің сапасы және оны жетілдіру үшін Еуропалық награданы беру бойынша жыл сайынғы конкурсты дайындайтын және өткізетін жалғыз ресми ұйымы болып табылады.

Біздің мақсатымыз – қызметіміздің қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерді үздіксіз азайту.

ЕҚОҚ саласындағы басқару мақсаттары Топтың Даму стратегиясымен тікелей байланысты. Біз өндірістік қызметті ұлттық заңнаманың талаптарына және Топтың еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатына (бұдан әрі – Саясат) сәйкес жүзеге асырамыз. Саясатқа сәйкес ЕҚОҚ басқарудың негізгі қағидаттары – тәуекелдерді анықтау және басқару, ластағыш заттар мен парниктік газдардың эмиссияларын азайтуға және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған қауіпсіз және ресурстарды үнемдейтін технологияларды енгізу; персонал мен өндірістік объектілердің апат және төтенше жағдайларда іс-әрекет жасауға үнемі дайын болуын қамтамасыз ету; ашықтық және хабардар болуды қамтамасыз ету болып табылады.

Саясат Топтың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ объектілерімізде қызмет көрсететін мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне қолданылады.

Трансформация жұмыстарының шеңберіндегі міндеттердің бірі ЕҚОҚ саласындағы басқарудың қолданыстағы жүйесінің тиімділігін арттыру болды. Осы мақсатта 2016 жылы Саясат өзектендірілді, сондай-ақ 2020 жылға дейінгі кезеңге біздің мақсаттарымызды белгілеген ЕҚОҚ жағдайын жақсарту бойынша Жол картасын әзірленді. Жол картасында Тұрақты даму саласындағы негізгі стратегиялық бастамашылықтар қамтылған.

ЕҚОҚ бойынша қызметті корпоративтік орталықтағы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі вице-президент үйлестіреді. Корпоративтік орталық жетістіктерді талдап, жақсарту үшін салаларды, ЕҚОҚ пен энергия тиімділігі саласындағы болашақ қызмет үшін мақсаттар мен міндеттерді белгілейді, өткен кезеңдермен және саланың жетекші халықаралық компанияларының (IOGP, IPIECA) осы секілді көрсеткіштерімен бенчмаркингті жүргізеді, өндірістік объектілердің аудиттерін жүзеге асырады. Экологиялық қолайлылықты сақтау және қоршаған ортаға тиетін теріс әсерді азайту мақсатында біз жаңа практикалар мен технологияларды қолдану мен енгізу мүмкіндіктерін үздіксіз зерттейміз.

ЕҚОҚ мәселелері ҚМГ Басқармасы мен ДК отырыстарында ай сайын тыңдалады, бұл бастамалар мен мамандардың жауапкершілігін арттырады.

Мыналар қызметіміздің басым бағыттары болып табылады: парниктік газдардың тасталуын басқару, факелдік өртеуді қысқарту, тарихи қалдықтарды кәдеге жарату, жерді қалпына келтіру және энергия тиімділігін арттыру.



103-2

102-29

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫҢ САПАСЫ

Біз әлемдік қауымдастықтың климаттың өзгеру проблемасына алаңдаушылығына қосыламыз.

2016 жылғы 4 қарашада парниктік газдардың тасталуын қысқарту, энергия тиімділігін арттыру, жаңғыртылатын энергия көздеріне көшу және бірте-бірте көмірсутегі отынын өртеуден бас тарту бойынша ғаламдық күш-жігер салу үшін халықаралық-құқықтық негізді белгілейтін Париж келісімі күшіне енді. Біздің Республикамыз Париж келісіміне қосылды (Президенттің 2016 жылғы 20 маусымдағы Жарлығы), ал 27 қазанда бұл келісім ратификацияланды.

2016 жылы ҚР Үкіметінің парниктік газдардың тасталуына квоталар саудасының жүйесін 2

жылға тоқтатқанына қарамастан, біз осы саладағы еліміздің нормативтік заңнамалық базасын жетілдіруге белсенді түрде қатысамыз. «KAZERENGY» қауымдастығының алаңында біз Энергетика министрлігімен және Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келіссөздерге қатысамыз, климаттың өзгеруіне байланысты форумдарға, конференцияларға қатысамыз, шығарындыларды қысқарту стратегиясын табысты іске асыру үшін білімдеріміз бен дағдыларымызды жетілдіреміз. Эмиссияларды басқару жөніндегі жұмыс тобы қызметінің шеңберінде біздің еншілес ұйымдарымызбен бірге біз парниктік газдардың тасталуын заңнамалық реттеу мәселесі бойынша Топтың бірыңғай ұстанымын әзірлейміз. 2017 жылы біз парниктік газдарды қысқарту бойынша әлеуетіміз бен мақсаттары-

мызды белгілейтін Климаттық жоспарды әзірлеуді жоспарлап отырмыз. Осылайша, біз 2018 жылы парниктік газдардың шығарындыларын квоталау мен саудасының ұлттық жүйесін қайта іске қосуға дайындалып жатырмыз, ол Париж келісімі бойынша біздің елдік міндеттемелерімізді орындау құралы болады.

ПАРНИКТІК ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ


Біз парниктік газ эмиссияларын мемлекеттік есепке алу және реттеу шеңберінде парниктік газ шығарындыларын жыл сайын түгендеуді жүргіземіз. Тікелей парниктік әсері бар парниктік газ (көмірқышқыл газ, метал, азот қышқылы, петрофторкөмірсутегілері) эмиссияларын есептеу уәкілетті орган бекіткен парниктік газ шығарындыларын есептеу бойынша әдістемелік нұсқаулар негізінде жүргізіледі. Түгендеу есептері верификацияланады, осылайша, осы есептің мақсаттарында верификацияланған деректер қолданылды.

Сандық көрсеткіштер парниктік газ шығарындылары жылына 20 000 тоннадан астам CO₂-баламасын құрайтын Топтың неғұрлым маңызды 15 еншілес ұйымын қамтиды. Биомассаны өртеуден немесе оның ыдырауынан CO₂ шығарындылары ескерілмейді.

Есепті кезеңде Топ бойынша CO₂ шығарындыларының іс жүзіндегі көлемі 6,5 млн. тоннаны құрайды (2015 жылы 6,0 млн. тонна)*.


2016 жылы барлау және өндіру бағыты бойынша парниктік газ шығарындылары 2,6 млн. тонна CO₂ (2015 жылы 2,7 млн. тонна) болды.

Парниктік газ шығарындылары



** CO₂ баламасы – парниктік газдардың ғаламдық жылу әлеуетін өлшеу бірлігі. Көмірқышқыл газы оның көмегімен қалған парниктік газдар бағаланатын эталон болып табылады. Ел Әдістемелерінде метан үшін ғаламдық жылу коэффициенті – 21 және азот қышқылы үшін – 310 қолданылады.

Өндірудегі CO₂ шығарындыларының қарқындылығы, мың тонна



КМГ —
IOGP — Сала бойынша орташа = 129

- 201-2
- 102-43
- 102-44
- 102-48
- 102-49
- 103-1
- 103-2
- 305-1
- 305-4

* (2015 жылы шығарындылары > 20 000 тонна CO₂ Топтың 13 ұйымының болуына байланысты 2015 жылғы ОДЕ-де көлем 5,7 млн. тонна болып көрсетілді, 2016 жылы олардың саны 15-ке дейін ұлғайды).

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫҢ САПАСЫ

ПРАКТИКАДАН ҮЛГІ

Метанның кемуін тікелей анықтау бойынша пилоттық жоба



2016 жылы кему және үгілу нәтижесінде метан эмиссияларын анықтау және сандық бағалау мақсатында біз өткен жылда басталған Топтың өндірістік объектілерінде далалық зерттеуді жүргізу жобасын жалғастырдық. 2016 жылғы қыркүйекте АҚШ Қоршаған ортаны қорғау агенттігімен (EPA) және FMB-мен бірлесіп, Ақтөбе облысындағы өндірістік объектілерді зерттеу жүргізілді.

Осы зерттеу мақсаты шығарындыларды қысқарту жобаларын сәйкестендіруге, олардың ішінде неғұрлым басым болатынын айқындауға және олардың енгізілуіне жәрдемдесуге мүмкіндік беретін техникалық қолдауды беру және техникалық мүмкіндіктерді өсіру болып табылады.

Зерттеу нәтижесінде Топ бойынша шығарындылардың негізгі көздері мен метан шығарындыларын қысқарту әлеуеті айқындалды. Климаттық әсерден басқа, метанның кемуін болдырмау қаржы қаражатының айтарлықтай үнемделуіне әкеледі. Біз бірлескен күш-жігермен ПГ шығарындыларын ішкі қысқарту жобасын ресімдеп, тіркеуді жоспарлап отырмыз.

2017 жылы біз Ғаламдық Метандық Бастамашылыққа кіруге жоспарлап отырмыз.

Өңдеу мен маркетинг және барлау мен өндіру бағыттарының парниктік газ шығарындыларының жалпы көлеміндегі үлесі – тиісінше, 47% және 42%.


Шығарындылардың өсуі есептілік шекараларының өзгеруіне (есепке қосылған ұйымдар санының ұлғаюына) байланысты болып отыр. Қосымша ретінде, мұнай өңдеу зауыттарының жаңғыртылуына және өңдеу тереңдігінің ұлғаюына байланысты өңдеу және маркетинг бағыты бойынша парниктік газ шығарындылары және олардың қарқындылығының өсуі байқалады.

ПАРНИКТІК ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН ҚЫСҚАРТУ

Энергия тиімділігі бойынша іс-шаралардың нәтижесінде барлау және өндіру бағыты бойынша тасталым қарқындылығы 4%-ке азайды.*

Парниктік газ шығарындыларын қысқарту бойынша қабылданған, өн-

Мұнай өңдеудегі шығарындыларының қарқындылығы, мың тонна



дірістің технологиялық режимінің өзгеруі, көлік құралдарын табиғи газға көшіру, объектілерді көгалдандыру және өзгелер секілді шараларға байланысты барлау және өндіру бағыты бойынша парниктік газ шығарындыларының азаюы байқалады. Мысалы, өндіру кәсіпорындарының біреуінде 24 су жылытатын қазандық электр жылуға көшірілді. «Тасымалдау» бағытында 136 автокөлік құралы газ-мотор отынына (242 – 2015 жылы), оның ішінде, 25 бірлік – компримирленген табиғи газға көшірілді. 2018 жылы ілеспе мұнай газын (ИМГ) пайдалану деңгейін арттыру нәтижесінде біз парниктік газ шығарындыларының елеулі қысқаруын күтеміз.

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫҢ САПАСЫ

Топтың негізгі экологиялық міндеттерінің бірі – ластағыш заттардың тасталуын қысқарту. Біз белгіленген нормативтерді сақтауға және ластағыш заттардың тасталуын азайтатын, тасталым көздерін түгелдеуді, ауаның сапасына тоқсан сайын өндірістік экологиялық бақылауды, технологиялық процестерімізді жетілдіруді қамтитын іс-шаралар кешенін іске асырып жатырмыз.

Біз мұнай өңдеу зауыттарын ауқымды жаңғырту бағдарламасын жалғастырып жатырмыз, бұл ҚР ішкі нарығын экологиялық К4 сыныбындағы сапалы

- 103-2
- 103-3
- 305-4
- 305-5
- 201-2

* Тасымалдаудың әрбір бағытында бір ғана кәсіпорын көрсетілгендіктен, біз тасымалдау бағытын қарқындылық есептерінен алып тастадық.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫҢ САПАСЫ

ПРАКТИКАДАН ҮЛГІ

Біз өңірлерге отынның неғұрлым таза түрлеріне көшуге жәрдемдесеміз.

«ҚазТрансГаз» АҚ қатысуымен Алматы қаласында жолаушылар және жеңіл автокөлікті, жинау техникасының компримирленген табиғи газға (КТГ) көшіру бағдарламасы іске асырылып жатыр. Дәстүрлі бензин, дизель мен сұйытылған көмірсутегі газы секілді отындарға қарағанда, КТГ отынның экологиялық тұрғыдан неғұрлым таза және үнемді түрі болып табылады. 5 АГТКС салынып, жұмыс істеп жатыр. Жолаушылар автобустарын (200-ден астам бірлік) КТГ-ге көшіру бағдарламасының шеңберінде Ақтөбе қаласында 2017 жылы АГТКС салу жоспарланып отыр.



мұнай өнімдерімен қамтамасыз етуге (өнімдердің күкірттің, бензолдың, олефин көмірсутегілерінің құрамын азайтуға), сондай-ақ басқаруды автоматтандыруды арттыру, энергия үнемдейтін және экологиялық таза технологияларды пайдалану, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану есебінен қоршаған ортаға тиетін теріс әсерді азайтуға мүмкіндік береді.

Құрамында күкірт бар газдардың атмосфераға тасталуын азайту мақсатында Клаусс әдісімен күкірт қамтитын газды кәдеге жарату қондырғысы (күкірт өндіру қондырғысы) салынды. 2016 жылдан бастап, ПҚОҚ компаниясында күкірт диоксидінің атмосфераға тасталуы, 2015 жылмен салыстырғанда, 13%-ке қысқартылды.

ПМХЗ-дегі технологиялық пештерде отындық жанарғылары орнатылды, бұл ластағыш заттардың (азот қышқылдары мен күкірт диоксидтерінің) тасталуын азайтты, сондай-ақ мазуттың пайдаланылуын қысқартуға әкелді. Орындалған іс-шаралар 2 295 тонна ластағыш заттардың тасталуын болдырмады.

2016 жылы Топ бойынша ластағыш заттардың жалпы тасталуы 173,4 мың тоннаны (2015 жылы 171,2 мың тоннаны) құрайды. Мұнай мен газды өндірудің ұлғаюына байланысты шығарындылардың елеусіз өсуі байқалады. Ластағыш заттар шығарындыларының негізгі көлемі тасымалдау бағытына – 48% жатады, өңдеу және маркетинг пен өндіру үлесі – тиісінше, 27% және 25%.

Қолданыстағы әдістемелік нұсқаулар мен ұсынымдарға сәйкес ластағыш заттардың шығарындылары жабдықтың техникалық сипатта-


маларының негізінде есептеледі. Күкірт (SO_x) пен азот (NO_x) қышқылдарының тасталымы неғұрлым елеулі болып табылады.

Газ өртеуді қысқарту жобасын іске асыру аяқталмаған ҚОА-ны есептемегенде, басқа компаниялардағы NO_x шығарындылары қарқындылығының мәні сала бойынша IOGP орташа көрсеткіштерінен төмен.

ІЛЕСПЕ МҰНАЙ ГАЗЫН КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Ең маңызды міндеттеріміздің бірі – ІМГ пайдалы пайдалануды және кәдеге жаратуды арттыру, факелдік өртеуді барынша азайту болып табылады. Біз кен орындарындағы ІМГ-ні электр энергиясын өндіру үшін және жеке технологи-

Ластағыш заттар шығарындыларының көлемі NO_x и SO_x



* 2015 жылғы ОДЕ-де шығарындыларды белгілеуді бағалау әдісі қолданыла отырып, деректер көрсетілген. Осы есепте күкірт пен азот қышқылдарының тасталғанын белгілеуді есептеу әдісі қолданылған.

102-48

305-7

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫҢ САПАСЫ

ялық қажеттіліктер үшін пайдаланамыз. Тауар ілеспе газын газ өңдеу зауыттарына, жергілікті халыққа жеткіземіз.

Топ бойынша орташа есеппен алғанда, газды кәдеге жарату деңгейі 2016 жылы 86% (2015 жылы – 85,3%) болды. Кен орындарымыздың көпшілігінде 95%-тен астам кәдеге жарату деңгейіне қол жеткізілді. 2 еншілес ұйымымызда ғана ілеспе газ үлкен көлемдерде өртеледі (онда кәдеге жарату деңгейі 55% және 66% деңгейінде сақталуда). 2017 жылдың ортасына қарай ІМГ өртеу нольге дейін жеткізілетін Прорва кен орындары тобының ІМГ күкірттен тазарту

қондырғыларын пайдалану енгізу күтілуде. Қо- жасай кен орнының шикі газын өңдеу жобасын іске асыру бойынша жаңа жол картасы қол қою сатысында. Жобаға Топтан тыс бірнеше заң- ды тұлға қатысатындықтан және келіссөздер процесі көп уақыт алатындықтан, Жобаны іске асыру мерзімдері ұзартылды.

ІМГ кәдеге жарату инфрақұрылымы мен зама- науи қуаттарын салу өндіру активтерін толық ауқымда әзірлеуге және атмосфераға тастала- тын парниктік газдарды айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

ПРАКТИКАДАН ҮЛГІ

Дүниежүзілік Банктің 2030 жылға қарай ІМГ тұрақты факелдік өртеуді тоқтату бойынша ғаламдық баста- машылығының шеңберінде біз 2016 жылғы маусымда Лондонда Басқару комитетінің отырысына қатыстық; ҰМГ кәдеге жарату және ықтимал бірлескен іс-шаралар саласындағы ынтымақтастық аясын талқылау үшін қыркүйекте Астана Дүниежүзілік банк пен Топтың еншілес ұйымдары өкіл- дерінің қатысуымен кездесу өткіздік. Бастамашылық шеңберінде 2017 жылдың 1-тоқсанында ілеспе мұнай газын өртеудің 2016 жылғы бірінші есептілігі тапсырылады.


0,2 т/1000 КСШ т

Топ бойынша орташа есеппен алғанда, NO_x асталымдарының қарқындылығы – өндірілген бір тонна КСШ-ға шаққанда 0,2 тонна (IOGP орташа көрсеткіші – 0,4).

12 т/1000 КСШ т

2016 жылы өндірілген көмірсутегі шикізатының бірлігіне шаққандағы өртенген газ саны, Топ бойынша орташа есеппен, өндірілген 1 тонна КСШ-ға шаққанда 12 тонна болды, бұл IOGP саласының осындай көрсеткішінен – 13,6-дан төмен

Газ өндіру және өртеу
серпіні, мың м³



- 102-43
- 102-44
- OG6


ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ

Біз энергия тиімділігін арттыру және энергия ресурстарының пайдаланылуын оңтайландыру жұмыстарын белсенді түрде жүргізіп жатырмыз.

2016 жылы біз 2021 жылға дейінгі кезеңге арналған корпоративтік «Энергияны үнемдеу мен энергия тиімділігін арттырудың жол картасы» әзірледік, оны іске асыру нәтижесінде энергетикалық ресурстардың тұтынылуын 4,5 млн. ГДж азайту жоспарланып отыр. Біз энергия-сервистік шарттардың халықаралық танылған тетігі арқылы энергия үнемдеу саласына стратегиялық инвесторларды тарту жұмысын жалғастырып жатырмыз.

Өз қызметіміздің біз электр және жылу энергиясын, сондай-ақ әр түрлі отынды тұтынамыз

Топтың жалпы ОЭР
тұтынуы, млн. ГДж



(диаграмманы қараңыз). Есепті жылда барлығы отын-энергетикалық ресурстардың (ОЭР) 107,7 млн. ГДж тұтынылды, бұл 2015 жылғы деңгейден 4%-ке төмен (және базалық 2014 жылмен салыстырғанда, 13,6%-ке төмен).

Топтың энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары – технологиялық жабдықты жаңғырту, энергия үнемдейтін технологияларды енгізу, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ жеке генерациялау көздерін, оның ішіне ІМГ пайдаланып дамыту.

Энергияны үнемдей бойынша жүргізілген іс-шараларға байланысты базалық жылмен салыстырғанда, ОЭР тұтыну 1,4 %-ке азайды.

ОЭР-ді ҮНЕМДЕУ:

1,5 млн. ГДж



Мұнай-газ өндіру:
352,8 мың ГДж




Мұнай мен газ тасымалдау:
318,8 мың ГДж



Мұнай өңдеу:
871,8 мың ГДж

Энергия түрлері бойынша
ОЭР тұтыну құрылымы, %



- Табиғи газ
- Ілесте мұнай газы
- Қазандық-пеш отыны
- Жылу энергиясы
- Электр энергиясы
- Отын мазуты
- Басқалар

ОЭР ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ҮНЕМДЕУ:

электр энергиясы (0,5%)

16,9 млн. кВт

жылу энергиясы (2,9%)

76,4 мың Гкал

табиғи газ (0,6%)

7 478,8 мың м³

қазандық-пеш отыны (4,7%)

18,8 мың тонна

- 103-2
- 103-3
- 302-1
- 302-4
- 201-2

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ

ПРАКТИКАДАН ҮЛГІ

«SanaField» цифрлік кен орны



2016 жылы ЕМГ кен орындарының бірінде «Sana-Field» бағдарламасының пилоттық жобасы басталды.

«Зияткерлік УАЗ кен орны» жобасын іске асыру нәтижесінде тұтынылатын энергия ресурстарына жұмсалатын шығындар оңтайландырылды, атап айтқанда, осы кен орнында электр энергиясын тұтыну 32%-ке қысқартылды.

Сонымен бірге, болашақта Топтың басқа да объектілерінде цифрлік кен орындарын енгізу өндіруді арттыруға, ұйым, сондай-ақ оның қызметкерлері үшін тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді, себебі зияткерлік кен орындары мұнай-газ өндіру объектілеріне алыстан мониторингі жүргізуге және оларды басқару, және, нәтижесінде, энергия тиімділігін, жабдықтың тиімді пайдаланылуын арттыруға; персоналды ұтымды басқаруға, ақпараттық ашық болуын арттыруға және, тұтастай алғанда, өндірісті автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны аяқтау мерзімі – 2020 жыл.

1 617 млн. теңге (\$4,7 млн.) мөлшеріндегі инвестициялар энергияны үнемдеу мен энергия тиімділігі жөніндегі іс-шараларды іске асыруға салынды, 74-тен астам іс-шара орындалды. ОЭР сатып алуға арналған қаржы шығындары 955 млн. теңгеге (\$2,8 млн.) үнемделді, бұл 2015 жылғы деңгейден 4,6%-ке артық.

Топ бойынша орташа есеппен алғанда, барлау және өндіру бағыты бойынша үлестік энергияны тұтыну – өндірілген 1 тонна КСШ-ге шаққанда, 1,5 ГДж, бұл IOGP көрсеткішінен 7%-ке жоғары болып сақталған (өндірілген 1 тонна КСШ-ға шаққанда). Бұл кен орындарының жасына және айдаудың жоғары деңгейіне байланысты болып отыр.


Мұнай өңдеу бағыты бойынша орташа үлестік энергия тұтыну бір тонна өңделген

мұнайға шаққанда 3,5 ГДж, бұл еуропалық зауыттардың көрсеткішімен салыстырғанда, 18% артық. Бұл орналасқан жердің неғұрлым қатаң климаттық жағдайына және МӨЗ мерзіміне байланысты болып отыр.


2017–2020 жылдар кезеңінде біз мыналарды жоспарлап отырмыз:

- корпоративтік орталықта энергетикалық аудит жүргізу және Энергия үнемдеу іс-шараларының жоспарын әзірлеу;
- Топтың жеке Энергетикалық есебін шығару;
- энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша іс-шараларды іске асыру 2017 жылы 0,9 млн. ГДж астам үнемге әкеледі.

Өндіруде энергияны үлестік тұтыну, ГДж/т



Мұнай өңдеуде ОЭР үлестік тұтыну, ГДж/т



102-48

103-3

302-3

СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ


Су қоршаған ортаның ең маңызды компоненттерінің бір болып табылады. Біз қатысатын өңірлерде экологиялық қолайлылықты сақтау және қолдау үшін оның орасан зор маңыздылығын мойындаймыз.

Су біздің барлық өндірістік процестеріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Барлық бизнес-бағыттар бойынша су алу, су тұтыну және су бөлу бойынша ақпарат тоқсан сайын корпоративтік орталыққа келіп түседі және ағымдағы жағдайда талдау, әлсіз жақтарды анықтау және су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру амалдарын іздеу үшін негіз болып табылады. Біз 2016 жылы Топ ішіндегі компаниялар арасында салыстырып талдауды жүргізу үшін алғаш рет қолданған бастапқы ақпаратты жинаудың стандартталған тәсілі судың пайдаланылуын талап ететін өндірістік процестеріміздің әртүрлілігін ескереді.

«СУДАҒЫ ІЗІМІЗ»

2016 жылы Топтың су алуының жалпы көлемі 77,8 млн. м³ (2015 жылы *78,3 млн. м³) болды.

2016 жылы Компаниялар тобы 8,8 млн. м³ ағынды су бөлді (2015 жылы 8 млн. м³), бұл Тұймазы – Омск – Новосибирск-2 магистральдық мұнай құбырын күрделі жөндеу кезінде суды пайдаланудың ұлғаюына байланысты болды. Барлық ағынды судың 84%-ті буландырғыш тоғандарына, қалған бөлігі сырт ұйымдарға кәдеге жаратуға берілді. экологиялық заңнамада белгіленген тасталынатын су сапасының нормативтеріне ағынды суды тазартудың механикалық



және биологиялық әдістері қолдану арқылы қол жеткізілді. Су көлік жуу, шаң басу және өртке қарсы жүйелерді толықтыру үшін қайта пайдаланылды. Алайда, тазартылған ағынды судың ең үлкен көлемі мұнай өңдеу зауыттарында ғана қайта пайдаланылады, онда 2016 жылы айналымдық сумен қамту блоктарына 3,6 млн. м³ қайтарылды (2015 жылы 3,1 млн. м³).

Өндірілген 123 млн. м³ ілеспе-қабат суының 99%-ы қабат қысымын ұстап тұру үшін және тек 1%-ы – сіңіргіш ұңғымаларға айдалған болатын.


Біздің қызмет ерекше экологиялық, шаруашылық, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар Қазақстанның батыс өңірінің су

объектілеріне (Еділ, Қиғаш өзендері, Көкжиде құмдары, Пятимар су қоймасы) неғұрлым елеулі әсерін тигізуде. Біз солтүстік-шығыс Каспий маңы өңірінің жоғары су тапшылығымен сипатталатынын мойындаймыз және су ресурстарын ұтымды пайдалануға ұмтыламыз. Сезімтал экожүйелерге тиетін теріс әсерді болдырмау үшін біз бақылаулық мониторингтік ұңғымалар арқылы жерасты суға тұрақты мониторингті жүргіземіз, ал жердің бетіндегі су объектілері үшін – алынатын су көлемдерін азайтуға және айналымдық су пайдалануды ұлғайтуға бағытталған іс-шараларды тұрақты түрде жүргіземіз.

- 303-1
- 102-48
- 103-2
- 103-3
- 306-1
- 303-2
- OG5
- 303-3

* 2015 жылғы ОДЕ-де 87 млн. м³ су жинау көлемі көрсетілді, себебі Топ компанияларының арасында бір суды қайта бөлу ескерілмеді. Осы жылда су жинау мәні нақтыланды.

СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ



- 303-1
- 306-1
- OG5
- 303-3

БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ

Біз биологиялық әртүрліліктің экологиялық қолайлылық кепілі екенін мойындаймыз.

Сонымен қатар, абиотикалық құрамдастан басқа, біз қатысатын өңірлердегі табиғи объектілерде тұратын тірі организмдерге тигізетін әсерімізді барынша азайтуға ұмтыламыз. Бұл үшін болашақ қызметті жоспарлау кезінде біз биологиялық әртүрлілікке тие алатын залал ықтималдығын бағалап, оны азайту бойынша шараларды қабылдауға ұмтыламыз. Ал тікелей өндірістік операцияларды жүргізу кезінде біз ҚР экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес тұрақты экологиялық мониторингті жүргі-

земіз, бұл ретте біз ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен қорық аймақтарына баса назар аударамыз.

2016 жылы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен қорық аймақтарында орналасқан немесе олармен шектес учаскелерде барлап бұрғылау жүргізілмеді, тек қана сейсмикалық-барлау жұмыстары орындалды. Демек, әсер етудің негізгі түрі физикалық ластау болды: шу, діріл әсері, көлік қозғалғанда жердің бұзылуы, сондай-ақ жүргізілетін жұмыстардың салдарынан жергілікті жер бедерінің трансформациясы. Жануарлар әлеміне тиген әсер, негізінде, басқа табиғи ком-

поненттердің: жердің, өсімдіктердің, жер бетіндегі судың өзгеруі есебінен болды.

БІЗ ҚАТЫСАТЫН ӨҢІРЛЕРДЕГІ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАР


Республикалық мәні бар **Солтүстік Каспийдің қорық аймағы**. Еділ (ҚР шегінде) мен Жайық өзендерінің сағаларын қоса есептегенде, Солтүстік Каспийдің шығыс бөлігінің акваториясы балық қорларын сақтауға және балықтардың бекіре және басқа да құнды түрлерінің оңтайлы тіршілік ету жағдайын және табиғи өсіруді қамтамасыз етуге арналған Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағына кіреді.

2016 ЖЫЛЫ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІМІЗ:

- 149,2 км² бұзылған жер қалпына келтірілді.
- Балықтардың бекіре түрлерінің құртшабақтарын өсіру және шығару зауытымен жасалған шарт бойынша балықтардың бекіре түрлерінің құртшабақтары өсірілді – биылғы төлдің 600 данасы.
- Қансу учаскесі үшін экологиялық аудит жүргізілді, оның қорытындылары бойынша учаскенің биологиялық әртүрлілігіне тиетін әсерді барынша азайтып және Кендірлі-Қаясан қорық аймағының ерекше мәртебесін ескере отырып, өндірістік операцияларды жүргізу бойынша ұсынымдар әзірленді



- 103-2
- 103-3
- 304-2
- 304-3
- 306-5
- OG4



БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ



Ерекше қорғалатын табиғи аумақ шекараларының шегінде және оларға жақын орналасқан өндірістік алаңдар

ЕҚТҚ түрі	Шекара ішінде	Аралас шекаралар (аумақтың бір бөлігі кіретін)	Шекарадан тыс (1-5 км қашықтықта жақын орналасқан)
IUCN I-IV санаты	0	0	Кансу
IUCN V-VI санаты	Жамбыл Сатпаев	Жамбыл Қансу Өріктау	Әлибекмола Қожасай
Дүниежүзілік мұра объектілері	-	-	-
Рамсар жер-суы	-	-	-

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағына шаруашылық және өзге де қызметке толығымен тыйым салынған қорық учаскелері бөлінеді.

Республикалық мәні бар **Новинск мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қоры** флора мен фауна- ны, оның ішінде ҚР Қызыл кітабына енгізілген флора мен фаунаны көбейтуге оңтайлы жағдай жасау мақсатында құрылды. Қорғау режимі – қорықтағы.

Республикалық мәні бар **Кендірлі-Қаясан қорық аймағы** жектер мен ителгілердің тіршілік орта- сын сақтау және оларды қайта өсіру мақсатында құрылды. Белгіленген режимдер: қорық режимі, қорықтағы режим, реттелетін режим.

Үстірті мемлекеттік табиғи қорығы республи- калық мәні бар ерекше қорғалатын аумақтары- ның жоғары санатына жатады. Қорықты құру мақсаты – Үстірттің солтүстік шөлдерінің та- биғи кешенін, оның ішінде бірқатар фауна мен флораның сирек түрлерін табиғи жағдайында сақтап қалу. Қорғау режимі – қорын.

Жергілікті маңызды мәні бар **«Көкжиде-Құм- жарған» мемлекеттік табиғи** кешенді қаумалы. Осы қаумал аумағында республикалық мәні бар екі мемлекеттік табиғи-қорық қорының екі объ- ектісі орналасқан: Көкжиде құмдары мен Көкжи- денің суасты сулары, олар республикалық және халықаралық мәні бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық объектілері тізбесіне қо- сылған. Қорық аймақтары мен мемлекеттік қау- малдарының шегіндегі учаскелер.

- 304-1
- 304-2
- 306-5
- 413-2

БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ

ҚОРЫҚ АЙМАҚТАРЫ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚАУМАЛДАР ШЕГІНДЕГІ УЧАСКЕЛЕР

«Қансу» учаскесі Маңғыстау облысының Қарақия ауданында, ішінара Кендірлі-Қаясан қорық аймағының шегінде орналасқан, Үстірт мемлекеттік табиғи қорығымен шектеседі (учаске шекараларынан 2 км буферлік аймақ). 2016 жылы учаскеде геологиялық-барлау жұмыстары жүргізілмеді.

Өріктау, Әлибекмола және Қожасай кен орындары ҚР Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданында орналасқан. «Өріктау» кен орнының келісімшарттық аумағының солтүстік-батыс бөлігі Көкжиде құмдарында орналасқан, сондай-ақ кен орындары жергілікті маңызды мәні бар «Көкжиде-Құмжарған» мемлекеттік табиғи кешенді қорығымен шектеседі.

Жерасты судың ластануын болдырмау мақсатында Топ компанияларының қызметі ай-

мағындағы, сондай-ақ Келісімшарттық аумаққа іргелес жатқан Көкжиде құм массивінің аймағындағы қоршаған ортаны тұрақты бақылау жұмыстары жүргізіледі.

Жерасты судың жағдайын бақылау үшін арнайы бұрғыланған 15 ұңғымадан тұратын желіні, жер бетінен сынамаларды іріктеп алу мен талдауды, атмосфералық ауаның жағдайын бақылауды қамтитын тоқсан сайынғы мониторинг бағдарламасы әзірленді.

«Жамбыл» және «Сәтпаев» учаскелері Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан. Келісімшарттық аумақтар Каспий теңізінің қорық аймағы шегінде орналасқан. Келісімшарттық аумақтар Каспий теңізінің қорық аймағының шегінде, сондай-ақ Новинск қаумалының шегінде орналасқан, бірақ өндірістік алаңдар экологиялық тұрғыдан сезімтал аймақтарды қозғамайды.



Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы әсер тиетін флора мен фаунаның түрлері

Флора мен фауна түрлері	Кендірлі-Қаясан мемлекеттік қорық аймағы (түрлердің саны)	Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы (түрлердің саны)	Новинск қаумалы (түрлердің саны)	Солтүстік Каспий теңізінің қорық аймағы (түрлердің саны)	«Көкжиде-Құмжарған» мемлекеттік табиғи кешенді қаумалы (түрлердің саны)
Өсімдіктер	20 (13)	336 (5)	4	229 (54)	94
Құстар	10	166 (18)	27	466 (63)	75
Жануарлар, оның ішінде	18		3		
Сүт қоректілер	17	29 (8)		125 (41)	44
Бауырымен жорғалаушылар		15 (1)		20 (9)	8
Балықтар				133 (27)	

* Жақшада: ҚР Қызыл кітабына енгізілген түрлердің саны

МҰНАЙДЫҢ ТӨГІЛУІН БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мұнайдың апаттық төгілуін жоюға үнемі дайын болу біз үшін сөзсіз авторитет болып табылады.

ТЕҢІЗДЕГІ ОПЕРАЦИЯЛАРЫМЫЗ

Каспий теңізі бірегей табиғи объект болып табылады, оның нәзік экожүйесі тұйық болғандықтан, мұнайдың төгілуіне ерекше сезімтал болады. Біз теңіздегі мұнай операцияларын жүргізу кезінде экологиялық қауіпсіздікке жоғары талап қоямыз: жұмыстардың кез келген түрлерін бастағанға дейін келісімшарттық аумақтарда фондық экологиялық зерттеу жүргізіп, әлеуетті әлеуметтік және экологиялық әсерімізді бағалаймыз, сондай-ақ операцияларды жүргізу кезінде және одан кейін – әсер ету мониторингін, эмиссиялар мониторингін және апат жағдайларының мониторингін жүзеге асырамыз.

Теңізде бұрғылау операцияларын бастау алдында біз мұнайдың апаттық төгілу ықтималдықтарын жоюға үнемі дайын болуды қамтамасыз етеміз. Жұмыстар аяқталғаннан кейін, біз жойылған ұңғымалардың үздіксіз экологиялық мониторингін жүргіземіз. Келісімшарттық аумақтардағы жойылған ұңғымалардың мониторингі: атмосфералық ауаның сапасын, теңіз суының және түптік шөгінділердің ластануын, биологиялық әртүрліліктің жағдайын бақылауды, сондай-ақ зертханалық-талдамалық жұмыстарды, жойылған ұңғымалардың сағаларын суретке және бейне түсіруді қамтиды.

Теңізде операцияларды жүргізу кезінде біз мынадай қағидаттарды ұстанамыз:

- Жобалық шешімдерді қатаң сақтау;

- «Нольдік тасталым» қағидаты – барлық қалдықтар мен ағынды су жағалауға шығарылды;
- Барлық жүзбе құралдарды балықты қорғайтын құрылғылармен және льяльды судың болмауын қамтамасыз ету;
- Уылдырық шашу кезеңінде өндірістік операциялардың жүргізілуіне тыйым салу – 1 сәуірден бастап 15 шілдеге дейін;
- Өндірістік кемелерден балық аулауға тыйым салу;
- Түнгі уақытта ұңғымаларды сынауға және көмірсутегі шикізатын өртеуге тыйым салу;
- Арнайы пайдалану режимін сақтау.

Топтың өндірістік объектілері белгіленген тәртіппен күшіне енгізілген МАТЖ жоспарларымен қамтамасыз етілген. МАТЖ-ға дайын болу деңгейін арттыру үшін біз персоналдың практикалық дағдыларын жетілдіру үшін әр түрлі деңгейдегі практикалық және теориялық оқуды, жаттығулар мен оқуды тұрақты түрде өткіземіз.

ТЕҢІЗДІҢ ЛАСТАНУЫН БОЛДЫРМАУ

Топта төтенше жағдайларға, оның ішінде мұнайдың төгілуіне жедел және тиімді ден қоюды қамтамасыз ету және олардың салдарын жою бойынша тиісті операцияларды орындау жүйесі қолданылады.

Есепті кезеңде біз теңіз бұрғылау операцияларын жүзеге асырған жоқпыз. Алайда, 2017 жылы Сәтбаев учаскесінде барлап бұрғылау жоспарланды, ол үшін теңіздің ластануын болдырмау бойынша арнайы бағдарлама әзірленді. Бағдарламада теңіз ортасын қорғауға, сақталатын ма-

ПРАКТИКАДАН ҮЛГІ


Теңізде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша норвегиялық тәжірибенің негізінде бағалау, тәуекелдерді және қауіп-қатерлерді басқару саласындағы ынтымақтастықты дамыту үшін KMG S&S «Де Норшке Веритас Казахстан» (DNV GL) компаниясымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

2016 жылы KMG S&S МАТЖ SWIRE Emergency Response Services (SERS) халықаралық ұйымымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды меморандум шеңберінде тараптар Қазақстандағы МАТЖ қызметін бірлесіп дамытатын болады.

териалдарды, бұрғылау ерітінділерін және қоршаған ортаға, теңіздің заңды пайдаланылуына және өзге де шаруашылық қызметке зиян келтіре алатын өзге де заттарды басу аймақтарынан шығаруға арналған шараларды қамтитын болады.

Теңіз ластанған жағдайда оқшаулау және суды тазарту бағдарламасы (мұнай дағының таралуын модельдеу), ластану дәрежесіне қарай, әр түрлі компаниялар мен құралдарды тартып, мұнайдың апаттық төгілуін жоюды ұйымдастыру схемасын көздейді.

Төгілу ықтималдығына біз мамандандырылған компаниялармен 1 және 2-деңгейдегі мұнайдың төгілуін жою бойынша шарттар жасасамыз. 3-деңгейдегі төгілу жағдайына теңіздегі мұнай-



- 102-29
- 103-2
- 304-1
- OG4
- 303-2
- 306-5
- 306-3

МҰНАЙДЫҢ ТӨГІЛУІН БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

газ кен орындарындағы апаттарды жоюға мамандандырылатын «Oil Spill Response Limited» халықаралық қауымдастығымен келісім жасалады.

Біздің еншілес ұйымымыз KMG Systems & Services ЖШС (бұдан әрі – KMG S&S) МАТЖ-ге арналған Қазақстан Республикасындағы жалғыз мамандандырылған объект – Атырау облысындағы Солтүстік Каспий мұнайдың төгілуіне ден қоюдың экологиялық базасына (бұдан әрі – СКДЭБ) иелік етеді мыналар оның негізгі міндеттері болып табылады:

- Солтүстік Каспий бөлігінде мұнайдың төгілуінің барлық түрлерін жою, атап айтқанда, Солтүстік Каспий жобасының кен орындары объектілері жұмыс істеген кезде;
- теңізде апат жағдай болғанда жануарларды оңалту;
- апат жабдығын пайдалану бойынша персоналды дайындау тренингтері;
- экологиялық және метеорологиялық мониторинг.

СКДЭБ-тегі 1 және 2-деңгейдегі барлық МАТЖ құралдары мен жабдығы НКОК Солтүстік Каспий жобасының меншігінде.

2016 жылы KMG S&S жылдың кез келген мезгілінде мұнайдың апаттық төгілуіне тиімді және уақытылы ден қою үшін оңтайлы орналасқан Маңғыстау облысындағы Форт-Шевченко қаласындағы Мұнай операцияларын қолдау базасын (ТОҚБ) сатып алады.

«NRC Kazakhstan» ЖШС-мен ынтымақтастық туралы келісімнің шеңберінде KMG S&S NRC International иелігіндегі халықаралық ресурстарға қол жеткізді. NRC International компа-


ниясының әлемнің әр түрлі елдерінде Каспий теңізінің қазақстандық секторында ірі төгілу боған жағдайда жұмылдырыла алатын көп жабдығы бар.

ЖЕР БЕТІНДЕГІ ОБЪЕКТИЛЕР


Топтағы мұнайдың төгілуінің негізгі себебі – тот басу процестерінің нәтижесінде кәсіпшілік мұнай құбырларының жарылуы болып табылады. Осыған байланысты, 2017 жылы өндіруші компаниялардағы кәсіпшілік құбырлардың тұтастылығы бағдарламасын құруға баса назар аудару жоспарлануда. Кәсіпшілік құбырлардың диагностикасы, оларды жөндеу және ауыстыру бойынша жоспарлы жұмыстардың орындалуына байланысты 2016 жылы Топтың барлау және өндіру бағытындағы жер бетіндегі өндірістік объектілерінде алдыңғы жылмен салыстырғанда, төгілу көлемі 67,6%-ке азайды.

2016 жылы біз IOGP қауымдастығының мұнай өндіруші компанияларымен бірге Tier 1 Process Safety Event Rate* (PSER) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы көрсеткіш бенчмаркингін бірінші рет жүргіздік. 2016 жылы ол IOGP компаниялары тобының көрсеткішінен 18 есе артық болды (1 млн. адам-сағатқа шаққанда 0,14 жағдайға тең).

Өндірудегі төгілу көлемдері (құрлық), тонна



Өндірістік объектілердегі өзге де апаттар мен оқиғалардың саны



● 103-3
● 306-3

* Tier 1 коэффициенті = бірінші деңгейдегі өндірістік қауіпсіздік оқиғаларының саны / пысықталған адам-сағаттар саны *1000000

Tier 1 PSE Американдық мұнай институты басшылығының 754 жіктелмесіне сәйкес көрсетілген

ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІҢ ТҰТАСТЫЛЫҒЫН БАСҚАРУ

ПРАКТИКАДАН ҮЛГІ

Энергия көздерін оқшаулау

Энергия көздерін оқшаулау біздің елеулі өндірістік тәуекеліміз болып табылады (20,000 трансформаторға тоқсан сайынғы негізде қызмет көрсетіледі). 2016 жылы біз «Өзен-мұнайгаз» АҚ-тағы пилоттық учаскеде Lockout/Tagout (LOTO) өндірістік қауіпсіздік жүйесін енгіздік. LOTO техникалық қызмет көрсету мен жөндеу кезінде жабдықтың санкциясыз қосылуын болдырмайтын өндірістік қауіпсіздік жүйесі болып табылады.

2017 жылы біздің басқа да еншілес ұйымдарымызда LOTO жүйесін одан әрі енгізу жоспарланып отыр.



Біз өндірістік қауіпсіздікке байланысты тәуекелдер іске асқан жағдайдағы салдардың қаупі мен маңыздылығын түсінеміз.

2016 жылы Топтың өндірістік объектілерінде қызметкерлердің денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтірген техногендік сипаттағы елеулі апаттар тіркелген жоқ.

Түбегейлі себептерді анықтау үшін барлық оқиғалар ішкі талдауға ұшырайды, шығарылған қорытындылар туралы ақпарат оларды болдырмау бойынша ұсынымдар бірге Топтың барлық компанияларының назарына жеткізіледі.

Корпоративтік орталық өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік объектілеріміздің тәуекел-аудиттерін жүргізеді. Тәуекел-аудиттердің нәтижелері бойынша, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы ең озық әлемдік практикалар мен халықаралық стандарттар ескеріліп, негізгі өндірістік тәуекелдерді азайту бойынша ұсынымдар әзірленеді.

Біз өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық салалық тәжірибені зерттеп, ұзақ мерзімді перспективада «Өндірістік тұтастылығын басқару» бағытын енгізуді қарастырып жатырмыз.


**ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫ (ТЖ) ЖОЮҒА
ДЕГЕН ДАЙЫНДЫҚ**

ТЖ-ға дайындықты қамтамасыз ету бойынша басқару жүйесіне жалпы басшылықты бірінші басшы, ал жедел басшылықты – ТЖ комиссиялары жүзеге асырады. Апат және өзге де штаттан тыс жағдайлардың пайда болу жағдайында ден қою нұсқаулықтарында, қағидалары мен жоспарларында барлық тұлғалардың өзара іс-әрекет жасау тәртібі белгіленген. Жедел ден қою мақсатында ішкі және сыртқы мүдделі тараптарға хабарлау схемалары әзірленді.

Топтың еншілес ұйымдарының 95 объектінде көшпелі техникасы бар, қолында 189 негізгі және қосалқы өрт техникасы бар өртке қарсы қызметтердің бөлімшелері құрылып, жұмыс істеп жатыр. Персоналдың апат жағдайларында іс-әрекет етуін іс жүзінде пысықтау жаттығу бағдарламалары бойынша жүргізіледі.

Қызметкерлердің және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және залалды азайту үшін қызметкерлердің санынан құрылған ерікті өрт құрылымдары тартылып, өрт-тактикалық оқу және ұңғымалардағы газ-мұнай белгілерін жою бойынша оқу-жаттығу оқуы жүргізіледі. Оқу жаттығуларының қорытындыларын басшылық, ТЖ-ге ден қою қызметтері мен мемлекеттік инспекторлар талдайды. Топ компанияларының және тартылатын мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің дайындық деңгейін


- OG13
- 102-29
- 103-2



ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІҢ ТҰТАСТЫЛЫҒЫН БАСҚАРУ

арттыру мақсатында корпоративтік орталық 2017 жылы өртке қарсы қызметтердің біздің өндірістік объектілерімізде өрттердің алдын алуға және сөндіруге дайындығын тексеру мен бағалаудың бірыңғай тәсілін енгізуді жоспарлап отыр.

ТЖ жою бойынша өткізілген оқу мен жаттығу оқулары туралы ақпарат



- 1 Республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулар
- 2 Командалық-штабтық оқу-жаттығулар
- 3 Өрт-тактикалық оқу-жаттығулар
- 4 ТЖ жою жөніндегі оқу-жаттығу сабақтары



ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

Өнеркәсіптік қалдықтарды басқару біздің экологиялық басымдықтарымыздың бір болып табылады. Өндірістік объектілеріміздегі жерлерде қалдықтардың пайда болуына және ластануға байланысты проблемаларды шешу үшін біз жыл сайынғы негізде елеулі ақша қаражатын бөлемін және инвестицияларды белгілейміз.

ҚР экологиялық заңнамасының талаптарын сақтай отырып, біздің объектілеріміздегі залалсыздандырылмайтын, өңделмейтін және кәдеге жаратылмайтын қауіпті қалдықтар мамандандырылған полигондарға тасымалданады.

Біз мердігерлік ұйымдарымыздың қалдықтарды қауіпсіз тасымалдау, орналастыру және кәдеге жарату талаптарын орындауын бақылаймыз.

Заңнаманың талаптарын сақтау мақсатында Топта қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік органдармен келісілген Қалдықтарды басқару бағдарламалары әзірленіп, іске асырылып жатыр.

Біз объектілерімізде енгізу үшін қалдықтарды басқару саласындағы жаңа практикалар мен тиімді технологияларды зерттейміз.


Әлеуметтік жауапкершілік және мемлекеттік органдармен жасалған қолданыстағы келісімдер бойынша қабылданған міндеттемелер шеңберінде келісімшарттық аумақтардағы тарихи жиналған мұнай қалдықтарын және ластанған жерлерді жою бойынша жұмыстар жалғасуда. 2016 жылы Топтың өндіруші ұйымдары қал-

дықтарды кәдеге жарату және жерді оңалту бойынша іс-шараларға 2,3 миллиардтан астам теңге (\$6,7 млн.) жұмсады.


2016 жылы пайда болған қалдықтардың көлемі 305,1 мың тонна болды, бұл 2015 жылғы деңгейден 25,4% төмен. Осы айырма 2015 жылы «Атырау МӨЗ» ЖШС-да өндірісті кеңейту бойынша іс-шаралар жүргізілгендіктен, пайда болған қалдықтар көлемінің ұлғаюына байланысты болып отыр.

Қауіпті қалдықтардың басым бөлігі – 56,8%-ті бұрғылау қалдықтары құрайды (35,1% бұрғылау шлам, 14,5% мұнай шламы, 7,2% мазутталған жер).

Қалдықтардың пайда болуы, мың тонна




Қалдықтардың пайда болу қарқындылығы, тонна/КСШ тонна




* 2015–2016 жылдардағы қалдықтардың көлемдері ҚМГ БӨ мен ММГ еншілес және мердігерлік компаниялары ескеріліп көрсетілген

Қызмет бағыттары бойынша қалдықтардың пайда болу құрылымы, %



- 102-48
- 103-3
- 306-2



ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫ

Барлау және өндіру, өңдеу бағыттары бойынша қалдықтардың пайда болу қарқындылығы азаю үрдісімен сипатталады. Қарқындылық көрсеткіші түркімен газын «Интергаз Орталық Азия» АҚ магистральдық газ құбырларымен Ресей Федерациясына тасымалдау көлемдерінің азаюы есебінен тасымалдау бағыты бойынша елеусіз ұлғайтылды.


Сондай-ақ біз қауіпті қалдықтарды импорттамай-тынымызды және Қазақстаннан аумағынан тыс жерге экспорттайтынымызды атап өтеміз.

2016 жылы 151,3 мың тонна бұрғылау қалдықтары пайда болды (бұл 2015 жылғы деңгейден 47% төмен), оның ішінде 107,1 мың тонна – бұрғылау шламы және 44,2 мың тонна – пайдаланылған бұрғылау ерітіндісі. Азаю құрлықта және теңізде мұнай-газ операцияларын жүргізу кезінде барлау ұңғымаларын бұрғылау көлемдерін қысқарту есебінен болды.

Бұрғылау қалдықтарын өңдеу және кәдеге жарату мақсатында биологиялық ремедиация, термиялық крекинг, термодесорбция, мамандандырылған көму полигондарында көму секілді әдістер мен технологиялар қолданылды.



Пайдалану әдістері, %



● OG7
 ● 103-3
 ● 306-4


ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕС КЕЛУ

2016 жылы қоршаған ортаға жалпы шығындар мен инвестициялар 15 580 млн. теңгені (\$45,6 млн.), оның ішінде қалдықтармен жұмыс істеуге, шығарылымдар мен шығарындыларды тазартуға және экологиялық залалды жоюға байланысты шығындар – 14 185,8 млн. теңгені (\$41,5 млн.) және қоршаған ортаға тиетін әсерді болдырмауға бағытталған инвестициялар мен экологиялық менеджментке бағытталған шығындар – 1 394,7 млн. теңгені (\$4,1 млн.) құрайды.

Әкімшілік айыппұлды, залал мен нормативтен тыс төлемдерді қоса есептегенде, төленген айыппұл санкциялардың жалпы сомасы 1 170 млн. теңге немесе \$3,4 млн. (2015 жылы 1 764 млн. теңге немесе \$7,9 млн.) болды.

2015 жылмен салыстырғанда, атмосфераға шығарындылар үшін айыппұлдар 60%-ке, 2014 жылмен салыстырғанда – 70% азайды.

**Төленген экологиялық айыппұлдар,
млн. теңге**



- 103-3
- 307-1
- 203-1

* 2015 жылғы есеппен салыстырғанда, нормативтен тыс төлемдер сомасының 2016 жылғы басында төленуіне байланысты 2015 жылдағы төлемдер бойынша деректер өзгертілді. Айырма 2015 жылдан 2016 жылға ауыстырылды.



БІЗДІҢ
ҚАУЫМДАСТЫҚТАР


БІЗДІҢ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР

Біз қатысатын өңірлерге өз үлесімізді қосып, барлық елеулі мәселелер бойынша негізгі мүдделі тараптармен тұрақты диалогты сақтаймыз.

Өңірлердің дамуына жәрдемдесу мақсатында біз жергілікті басқару органдарымен әлеуметтік-экономикалық даму, өңірлерді газдандыру саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумдарды жасасу арқылы белсенді түрде өзара іс-әрекет жасаймыз және осы өңірлердегі қол жетпейтін және қажетті тауарларға, қызметтерге қол жеткізу мүмкіндігін береміз.

Мұнай және мұнай өнімдері саласындағы ұлттық оператор ретінде біз әлеуметтік мәні бар мұнай өнімдерін төмендетілген бағалармен

Өткізілген қоғамдық тыңдау саны



тиеп жөнелтеміз. Осылайша, жыл сайын, астық егу және жинау жұмыстар кезеңінде, біз ауыл шаруашылығы өндірушілеріне дизельдік отынды төмендетілген бағамен жеткіземіз, әлеуметтік-өндірістік объектілердің жылыту қажеттіліктері үшін мазут жеткіземіз. 2016 жылы ауыл шаруашылығының қажеттіліктеріне 247 мың тонна дизельдік отын (2015 ж. – 120 мың тонна), жылыту қажеттіліктерге арналған мазут – 6 мың тонна (2015 ж. – 24 мың тонна) жөнелттік. 2015 жылғы шілдеден бастап Топ трансформациясы шеңберінде біздің еліміз үшін бірегей болып табылатын «ҚазМұнайГаз» АҚС-тың шамамен жартысын жеке басқаруға беру бойынша CODO («Компания иелік етеді – дилер басқарады») әріптестік бағдарламасы басталды. Ол республика өңірлерінде шағын бизнесті қолдауға бағытталған және экономиканың тиімді жеке секторын құруға, мемлекеттік-жеке әріптестікті дамытуға жәрдемдеседі. Бүгінгі таңда еліміздің әр түрлі өңірлеріндегі 110 кәсіпкер «ҚазМұнайГаз» 150 АҚС табысты басқарып жатыр. Кәсіпкерлік көзқарасты ынталандыратын және жұмыс нәтижесіне деген жеке мүдделілікті қамтамасыз ететін бизнес неғұрлым тиімді болады деп сенеміз.

2016 жылдан бастап, «DODO» («Әріптес иелік етеді – Әріптес басқарады») франчайзингтік бағдарламасы белсенді дами бастады, ол Топтың АҚС желісін дамытудың негізгі бағыты болады. Бағдарлама АҚС иелеріне «ҚазМұнайГаз» автомай құю станциялары желісінің бір бөлігі болуға, Қазақстандағы танымал брендімізбен мұнай өнімдерін сатуға мүмкіндік береді.

Біз Қор Тізіліміндегі тауар өндірушілері арасында, сондай-ақ қолданыстағы сатып алу жүйесінің шеңберінде Қордың Мүгедектер ұйымдарының тізіліміндегі мүгедектер ұйымдары арасында ғана отандық кәсіпкерлерді қолдау іс-шаралары жүргізуді жалғастырып келеміз.

Осылайша, 2016 жылы сатып алынатын тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі жергілікті қамту үлесі 76%, оның ішінде тауарлар бойынша – 83%, жұмыстар мен қызметтер бойынша – 71% болды.

Біз халықпен өзара іс-қимыл жасау бойынша жүйелі жұмыстарды атқарып жатырмыз – халықтың мұқтаж жіктеріне әлеуметтік көмек көрсетеміз, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бағдарламасы бойынша мәдениет пен спортты дамытуға үлес қосып жатырмыз. Әлеуметтік жобалар, жергілікті қауымдастықтардың қажеттіліктері мен үміттері (тұрғындардың, ҰОС, еңбек ардагерлерінің қоғамдық бірлестіктерінің, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың, білім, медициналық мекемелердің, балалар үйлерінің өтініштері) ескеріліп, Жергілікті қауымдастықтарды дамыту бағдарламасы жүзеге асырылады.

Мәселен, «Мектепке жол» жобасы бойынша ПҚОҚ зауыты табысы аз көп балалы отбасылардан шыққан 50 балаға мектепке дайындықта жыл сайын көмек көрсетеді. Ал «Балалық шаққа қамқорлық ету – парызымыз» атты жоба бойынша бірнеше жыл бойы қызметіміз жүргізіліп жатқан өңірлердегі ауыл мектептерін дамытуға көмек көрсетілуде.

- 103-1
- 103-2
- 103-3
- 203-2
- 203-1
- 413-1
- 102-9
- 204-1

БІЗДІҢ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР

ПРАКТИКАДАН ҮЛГІ

АМӨЗ «Жанашыр» қайырымдылық жобасында

2015 жылғы 1 маусымда Атырау облысында «Жанашыр» корпоративтік әлеуметтік қамқорлық ету жобасы іске қосылды. Осы жобаның идеясы тәрбиелеу, білім және әлеуметтік бейімделуге көмек көрсету секілді үш бағыт бойынша қолдау көрсетуден тұрады. Жоба іске қосылғаннан кейін «Атырау МӨЗ» ЖШС ұжымы С. Қазыбаев атындағы жетім балаларға арналған балалар үйінің тәрбиеленушісі 16 жасар У. Ерсұлтанды қолдады. Атырау облысы, «Атырау МӨЗ» ЖШС мен Жетім балалар мен ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға арналған балалар үйі арасында У. Ерсұлтанға ұжымдық әлеуметтік көмек көрсету туралы үшжақты меморандумға қол қойылды. «Нұр Отан» Жастар қанатының, кәсіподақ комитетінің және зауыт әкімшілігінің қатысуымен Даму бағдарламасы әзірленді. Ерсұлтанға жас мамандардың арасынан тәлімгер-нұсқаушы бекітілді. Мектеп бітіргеннен кейін, Ерсұлтан Атырау қаласының «Мұнай және газ өңдеу технологиясы» мамандығы бойынша политехникалық колледжіне түсті. Ол зауыттағы практикалардың барлық түрлерінен өтіп, кейіннен ұжымға қызметкер ретінде қабылданатын болады.

Жазғы демалыста Ерсұлтан АМӨЗ қызметкерлерінің балаларымен бірге Боржоми қаласында (Грузия) және «Машат-Арасан» емдеу-сауықтыру орталығында болды.

Сондай-ақ қамқорлыққа алынған адамдар өздеріне тұрғын үй алуы үшін компанияларға жобаның шеңберінде банктерде тұрғын депозиттерін ашу ұсынылады. Осы мақсатта Ерсұлтанның атына «Қазақстанның тұрғын үй-құрылыс жинақтаушы банкі» АҚ-та дербес шот ашылды, Ерсұлтан кәмелетке толғаннан кейін тұрғы үй алуы үшін зауыт ай сайын 40 мың теңгені аударады.

ПРАКТИКАДАН ҮЛГІ


1. «ҚазМұнайГаз» мұнай-газ саласындағы ұлттық оператор ретінде отандық тауар өндірушілерді қолдайды, сондай-ақ кәсіпорындар құру арқылы елді индустриялауға қатысады.

Атап айтқанда «Спутник-Интеграция» ЖШҚ ресейлік компаниясының қатысуымен «АқтауОйлМаш» ЖШС бірлескен кәсіпорны жұмыс істеп жатыр.

Халықаралық «Schneider Electric» компаниясымен ынтымақтастықта құрылған «KMG Automation» кәсіпорны табысты жұмыс істеуде.

«ҚазМұнайГаз» бен американдық «Nabors Drilling International Ltd» компаниясы арасында бірлескен кәсіпорын құрылды.

2. КТГ компаниясы ел ішіндегі 8 миллионнан астам тұтынушыға тауар газын жеткізеді. Бұл Қазақстанның 10 өңіріндегі 1,6 млн. астам абонент пен шамамен 35 мың кәсіпорын.
3. Бейнеу – Бозой – Шымкент магистральдық газ құбырының арқасында республика халқының жартысы тұратын оңтүстік облыстарындағы 577 елді мекені қосымша газдандырылды.
4. 2016 ж. «Петро Қазақстан Ойл Продактс» ЖШС бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша жыл сайынғы республикалық «Парыз» конкурсының жеңімпазы болды.
5. ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі «Экологияға қосқан үлесі үшін» атты номинацияда Шымкент мұнай өңдеу зауытын атап өтті.



БІЗДІҢ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР

Топтың жекелеген басшы қызметкерлері – әйелдер, олар Қазақстанның іскер әйелдері қауымдастығының мүшелері болып табылады.

ҚМГ сақтық қағидатының негізгі ережелеріне қосылады (Қоршаған ортаны қорғау және даму жөніндегі Рио-де-Жанейро Декларациясының 15-қағидаты, 1992 ж.). Қоршаған ортаға тиетін әсерді бағалау (ҚОӘБ) шеңберіндегі жаңа жобалар мен объектілерді іске қосу алдында біз қоғамдық пікірді анықтау және оны тиетін әсерді бағалау процесінде ескеру мақсатында жоспарланған қызмет пен оның әсер ету ықтималдықтары туралы жұртшылықты хабардар етуге бағытталған іс-шаралар кешенін міндетті түрде жүргіземіз. Біз


барлық мүдделі тараптардың ҚОӘБ жобаларына қол жеткізуін, ескертулер мен ұсыныстардың қабылдануы мен тіркелуін қамтамасыз етеміз. Халықтың жоспарланған іс-шаралармен танысуы мақсатында материалдар жергілікті билік органдарының веб-сайттарында және БАҚ-та орналастырылады. Біз қауымдастықтардың өтініштеріне дереу ден қоямыз және Топтың негізгі басымдықтарының бірі жағдайларды сотқа дейін реттеу болып табылады.

Қызмет өңірлеріндегі өндірістің қоршаған ортаға теріс әсер тигізу ықтималдығына мониторинг жүргізу негізі тұрақты өндірістік экологиялық бақылау болып табылады.

Еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, кәсіби аурулар мен өндірістегі жазатайым оқиғаларды болдырмау мақсатында, сондай-ақ еңбек жағдайын тексеру мақсатында өңірлерде Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау комиссиялары жұмыс істейді, олар жергілікті кәсіподақтармен бірлескен жұмысты жүргізеді.

Сонымен бірге шағымдарды берудің ресми тетіктері көзделген, олар туралы ақпарат Шағымдарды беру және қарау тәртібі туралы бөлімде көрсетілген.





ӘНІМ ҮЛШІН
ЖАУАПКЕРЛІК

ӨНІМ ҮЛШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК



Біз мұнай өнімдерінің ауқымды ассортиментін, оның ішінде жоғары сапалы бензиндерді, дизельдік отынды, авиакеросинді, пеш отынын, мазутты, вакуумдық газойльді, коксты, сұйытылған газды, күкірт пен битумды – экспортқа, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішкі нарығына көтерме және бөлшек етіп сатамыз.

ҚР индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасына сәйкес республиканың үш мұнай өңдеу зауытында жаңғырту және қайта жаңарту жобалары іске асырылып жатыр. Жаңадан шығарылатын К4, К5 сыныптарындағы отын Кеден одағының Техникалық регламентінің талаптарына сәйкес қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтып, мұнай өнімдерінің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. К5 экологиялық сыныбындағы отынға қойылатын талаптарда оның құрамындағы күкірт К2 отынындағы күкірттен 50 есе аз болады, ал бензолдың көлемдік үлесінің құрамы 5%-ден 1%-ке дейін азайтылады деп, сондай-ақ өте улы октанды арттыратын қоспа монометиланилиннен (ММА) толығымен бас тартуға мүмкіндік береді деп көзделген. 2016 жылы мұнай-химия өнімдері – бензол мен параксилал өндірісі бойынша қон-

дырғылар пайдалануға енгізілген. Жоғары октанды автобензиндер өндірісі ұлғайтылды.

Отынның лайықты сапасын қамтамасыз ету үшін зауыттан бастап мұнай базалары мен АҚС-ке дейін мұнай өнімдерін жеткізудің барлық тізбегі бойынша үздіксіз бақылау жүзеге асырылуда. Мұнай өнімдерінің сапасын бақылау процесі «Мұнай өнімдерінің сапасын бақылау және оның сақталуын қамтамасыз ету ережесімен» және тіркелген зертханалар менеджменті жүйесінің құжаттарымен реттеледі және оны арнайы сапаны бақылау қызметі жүргізеді. ҚМГ объектілеріндегі сапаның бақылануын жүзеге асыратын зертханаларды тіркеу ұлттық, сондай-ақ халықаралық деңгейде, оның ішінде Кеден одағында танылған және олардың құзыреттігін, адалдығын және мүмкіндіктерін көрсетеді. Бұдан басқа, экспресс-талдау зертханалары да бақылауды жүзеге асырады, бұл Қазақстанның барлық аумағы бойынша барлық объектілерде отынның сапасын бақылауға мүмкіндік береді.

Отынды айналымға жіберу алдында Отынның сәйкестігін растау міндетті түрде жүргізіледі және Сәйкестік декларациясы ресімделеді. Ай-

налымға жіберілетін отынның әрбір партиясы сапа туралы құжатпен (паспортпен) ілеседі. Автомобильдік бензин мен дизельдік отынды сату кезінде отынның атауы, маркасы туралы ақпарат АҚС колонкаларында орналастырылады және кассалық чектерде көрсетіледі. Сонымен бірге, біздің әрбір АҚС-та «Тұтынушы бұрышы» бар, онда сатылатын отынның әрбір маркасына арналған сапа паспорты мен сәйкестік туралы декларация секілді қажетті ақпарат бар.

Жыл бойы өнімнің қасиеттері туралы ақпарат пен маркалануына қатысты нормативтік талаптарға және ерікті кодекстерге сәйкессіздік жағдайлары анықталмады.

«ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС, «ҚазМұнайГаз – Аэро» ЖШС, ҚМГ-ӨМ ҚР әлеуетті құрылымдарына, мемлекеттік материалдық резервіне, сондай-ақ ұлттық авиатасымалдаушының қажеттіліктеріне бензин, дизельдік отын, авиациялық отын, мазут жеткізу бойынша бірыңғай операторлар болып табылады. 2016 жылғы қарашада өткен «Қазақстандағы №1 жыл таңдауы» атты ұлттық жобада қазақстандықтар өз дауыстарын тағы да «ҚазМұнайГаз» брендіне берді.

- 102-2
- 103-1
- 103-3
- 417-1
- 417-2



ЭКОНОМИКАҒА
ҚОСҚАН ҮЛЕСІМІЗ

ЭКОНОМИКАҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІМІЗ

Өндірістік көрсеткіштер

Атауы	Өлш. бірл.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі	мың тонна	22 490	22 670	22 638
Табиғи газ өндіру көлемі	млн. текше м	7 025	7 255	7 384
Мұнай өңдеу көлемі	мың тонна	17 115	16 317	16 601
Мұнайды магистральдық құбырмен тасымалдау көлемі	мың тонна	64 005	61 001	56 576
Мұнай жүк айналымының көлемі	млн. тн/км	44 206	45 447	43 130
Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау көлемі	мың тонна	9 606	7 033	7 082
Газ тасымалдау көлемі	млн. текше м	105 445	102 750	88 077
Газ тасымалдау бойынша тауар тасымалдау жұмыстарының көлемі	млрд. текше м/км	45 381	40 339	40 436

Қаржы көрсеткіштері


Млн. теңге	2016 ж.	2015 ж.	2014 ж.	2013 ж.	2012 ж.	2011 ж.	2010 ж.
Кірістік, барлығы оның ішінде:	3 041 975	2 215 626	3 541 713	3 405 049	3 101 218	2 787 707	2 252 197
Өнімді сату мен қызметтерді көрсетуден түсетін кіріс	1 857 435	1 093 806	3 186 764	3 252 719	2 960 418	2 625 256	2 098 942
Шығыстар, барлығы оның ішінде:	3 143 713	2 272 402	3 650 072	3 206 860	2 982 379	2 689 116	2 065 663
Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	1 561 746	1 090 380	2 322 162	2 354 109	2 090 818	1 836 061	1 409 001
